



ҚАЗАҚСТАН мен
РЕСЕЙ БАСШЫЛАРЫ
БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ
ЖАСАДЫ

2-бет



Абзал ҚҰСПАН:
САЙРАГҮЛДІҢ
ІСІ БОЙЫНША
МЕН ҰЯЛАТЫН
МӘСЕЛЕ ЖОҚ

6-бет



Дулат ИСАБЕКОВ:
МЫСЛЬ ГЕРОЯ
ДОЛЖНА БЫТЬ ВЫШЕ
МЫСЛИ ЧИТАТЕЛЯ

12-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||

qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

||

№13 (831), 5 сәуір, 2019



ӘЛЕМДЕ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ҰЙЫМ

Елбасы Жарлығымен 1995 жылғы 1 наурызда «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы» этностық мәдени бірлестіктер формасындағы азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің әріптестік ұстанымын негізге алған елде этносаралық қатынастарды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган құрылған болатын.

8-9
бет

ҚҰЛДЫҚ САНАДАН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?



«...Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының мандайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Әй, Аяз би, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз би, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» – деп, көңілін басушы еді дейді...»

3
бет



ТӘУЕЛСІЗДІК АТАУЫН ЖОЮҒА КІМ РҰҚСАТ БЕРДІ?!

ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ҚОРҒАЙ АЛМАҒАНДАР
ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

5
бет



Асылы ОСМАН:

БИЛІК БАСЫНДАҒЫ
БАСШЫЛАР
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ
СӨЙЛЕУІ КЕРЕК

6
бет

Ерлан САИРОВ:

КТО РЕАЛЬНЫЙ КАНДИДАТ НА ВЫБОРАХ, ИЛИ ЧТО МЫ ЖДЕМ ОТ НОВОЙ ВЛАСТИ



«У нас зарождается новая эпоха. В этой жизни столько правителей искали эликсир вечности, ни один не смог победить время. Время, которое тикает быстрее, чем секунда. Так и жизнь тикает быстрее времени, просто мы это не способны ощущать физически...»

10
бет

ҚАЗАҚСТАН мен РЕСЕЙ БАСШЫЛАРЫ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

ҚР Президенті Қ.Тоқаев РФ Президенті В.Путиннің шақыруымен Ресей Федерациясына жұмыс сапарымен барды. Сындалы жағдайда өткен келіссөздер барысында мемлекет басшылары екіжақты қарым-қатынастардың негізгі мәселелерін, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ынтымақтастықты, сондай-ақ өзара мүдделі өзекті өңірлік және халықаралық проблемаларды талқылады.



Екі ел басшылары саяси, сауда-экономикалық, қорғаныс және әскери-техникалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастығының тұрақты он динамикасын атай отырып бірлескен мәлімдеме жасады. Онда өзара сенім, стратегиялық серіктестік және жан-жақты ынтымақтастық негізінде теңқұқылы және егемен мем-

лекеттер ретінде одақтастық қатынастарды дамытып, мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті құрметтеу, тең құқылық және ішкі істерге араласпау, күш немесе күш қаупін қолданбау, мемлекеттердің аумақтық тұтастығы, шекара мызғымастығы, дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық міндеттемелерді адал орындау, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау

принциптерін басшылыққа алынатынын жеткізді.

Мемлекет басшылары келіссөздер барысында қол қойылған екіжақты құжаттар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы дәстүрлі достық, теңқұқылы қатынастардың, сондай-ақ екі ел халықтарының арасындағы бауырластық және тату көршілік байланыстардың қарышты дамуына жәрдемдесетінін атап көрсетті.

ЖӘРДЕМАҚЫ ҮШІН ЖАНТАЛАС

Еліміз бойынша 21 мың теңге жәрдемақы алу үшін жанталас жалғасып жатыр. Ақтөбедегі әлеуметтік сала қызметкерлері келушілердің көптігінен жәрдемақыға құжат қабылдап үлгермей, түскі үзіліссіз он екі сағат бойы тапжылмастан жұмыс істеуде.

— Қазір жеті пунктте қабылдау жүргізіліп жатыр. Азаматтардың келіп, көптеп арыздануына байланысты әлеуметтік қызметкерлер құжат қабылдаудың қанша уақытқа созылатынын анық білмейді. Де-

генмен, жәрдемақыдан дәмеліп келіп жатқан әйелдердің қарасы өте көп. Арасында құжат арқалаған ер азаматтар да бар. Жұрт жәрдемақы үшін таңның атысынан кезекке тұрып әлек. Ақтөбеде айналдырған бір күн ішінде мыңнан астам адамның құжаты қабылданған. Бірақ оның жартысына жуығын кері қайтарыпты. Өйткені, отбасылық кірісі мөлшерден асып кеткен. 21 мың теңгеден қағылған кейбіреулер бұған келіскісі келмей, сол жерде арыздарын да жазып жатыр. «Кішкентай екі балалы жалғызбасты анамын. Жәрдемақы

үшін әкемнің зейнетақысын кіріс ретінде есептеп отыр. 21 мың теңге маған тиесілі емес дейді. Сонда қалай? Енді әкемнің үйінен кетіп, далада қаңғып жүруім керек пе?» — дейді Ақтөбе қаласының тұрғыны Әлия Есенәлиева. Жалғыз басты ананың арызы орынды. Сонда оның әкесі тамақ ішпейтін, киім кимейтін құлтемір болғаны ма? Осы заңды ұсынған министрлер мен оны бекіткен депутаттар не ойлады екен?..



ҰРЫЛАРДЫ СУРЕТІНЕН ТАНИТЫН БОЛАМЫЗ

Алматыда ұрлық жасау қылмысы толастар емес. Олармен күресу үшін полиция сұғанақтардың суреттерін жариялады. Олардың көбі бұрын сотталғандар.

Кәнігі суық қолдылардың ең жасы небәрі 17-де болса, ал үлкені 60-тан асқан азаматтар. Өздері ұл-қыз өсіріп, немере тәрбиелеп отырғанына қарамастан, ұрлықты қоймаған. Бұлар үнемі жолаушылар автобусы мен қала ішіндегі базарларды кезіп жүреді екен. Көбі бірнеше мәрте істі болған. Десе де, бостандыққа шыққан бойда ұрлыққа қайта кіріседі. Олардан әбден мезі болған тәртіп сақшылары түсін түстеп, суреттерін жариялады. Осылайша, тұрғындардың өздерін де сақ болуға шақырады.

— Біздегі ұрыларға қатысты заң сәл жұмсағырақ. Мәселен ұры жәбірленушімен сот залында татуласса, ол бостандыққа шығып кетеді. Сондықтан оларды қоғамға бет жүздерін жария етудің бірден бір амалы осы. Күнде болмаса да, күнара 5-6 ұрының суретін жария етіп тұрамыз, — деді Алматы қаласы полиция департаменті ресми өкілі Салтанат Әзірбек.

ДЕНСАУЛЫҚ КҮНІ ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

7 сәуірде Қазақстанның медицина ұйымдарында Дүниежүзілік денсаулық күні атап өтіледі. Биыл аталмыш күн «Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпыға бірдей қамту: барлығы үшін және бүкіл жерде» айдарымен 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде аталып өтеді.

Атап айтқанда, Дүниежүзілік денсаулық күнін мерекелеу шеңберінде елдің медициналық ұйымдарында 1-10 сәуір аралығында ашық есік күндері басталады. Әрбір ниет білдіруші өзінің денсаулығының жай-күйі туралы арнайы мамандардың консультациялық-диагностикалық және практикалық бейінді мамандардың көмегін тегін ала алады. Олар: офтальмолог, оториноларинголог, кардиолог, невропатолог, травматолог, педиатр, психиатр-нарколог, эндокринолог, балалар ортопеді, логопед, дефектолог және басқалар. Бұған қоса, Дүниежүзілік денсаулық күні шеңберінде еліміздің барлық медицина ұйымдарында флешмобтар, жаттығулар, веломарафондар және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылады. Жалпы білім беретін мектептерде Денсаулық елшілерінің, танымал спортшылар, әншілер, актерлердің қатысуымен жаттығулар өтеді. Денсаулық мектептерінде, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында халықпен медицина қызметкерлерінің, психологтардың, әлеуметтік қызметкерлердің «Уақтылы скрининг өту» тақырыбында кездесулер өтеді.



Парламент Мәжілісінің депутаттары ҚР Әділет министрлігінен қате жазылған жеке сәйкестендіру нөмірлерін (ЖСН) түзету үшін тиісті шараларды қабылдауды сұрады. Осы орайда Әділет министрі Марат Бекетаевтың атына депутаттық сауал жолданды.

ДЕПУТАТ ҚҰЖАТ ТОЛТЫРУДАҒЫ ӨРЕСКЕЛ ҚАТЕЛЕРДІ АТАДЫ

«Заңға сәйкес, ЖСН дегеніміз — ол жеке тұлғаға бір рет және өмір бойына берілетін цифрлық код. Дегенмен, заң мен заңға қосымша актілерде қателіктер болған жағдайда ЖСН-ді түзету туралы ешқандай норма жоқ. Азаматтар түзетуге барған кезде, мұндай ереженің жоқтығы салдарынан ХҚКО қызметкерлері тарапынан тиісті қадамдар жасалмайды. ЖСН беру кезіндегі қателіктен адамдар жылдар бойы өздерінің жасын, тіпті жынысын дәлелдеуге тырысып келеді», — деді депутат Шакир Хахазов Мәжілістің жалпы отырысында.

Осы орайда, ол бірнеше нақты мысалдар келтірді. Белгілі болғандай, қарағандылық Наталья Шубичук жеке куәлігін ауыстырғаннан кейін, өзінің 143-те емес, 43 жаста екенін дәлелдей алмай жүр. 1972 жылы туған Вадим Шафаростов 5 жыл бойы өзінің зейнеткер емес екенін дәлелдеуге мәжбүр. Вадимнің ЖСН-і оны 1952 жылы туған деп көрсеткен. Ш.Хахазовтың сөзіне қарағанда,



Орал тұрғыны Игорь Бакалкин 2018 жылғы күзінде ЖСН-ді қалпына келтіру туралы өтініш жасады. Алайда, қандай да бір түсініксіз себеппен оны 2010 жылы қайтыс болғандар тізіміне енгізіп қойған. Елорда тұрғыны Майра Мырзағали ХҚКО-дағы қателік салдарынан еркек болып жүр. Депутаттың пайымынша, аталған жағдайларды ескере отырып, біріншіден, жеке тұлғаның өтініші бойынша әділет органдарына ЖСН-ді түзету құқығын беруді және қызметтік тергеу жүргізу тәртібін белгілеу керек. Екіншіден, қате мәліметтер енгізгені үшін әділет органы қызметкерлеріне жауапкершілік шараларын күшейту қажет.

КӘСІПОДАҚ ҰСТАЗДАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

2018 жылы қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің Кәсіптік одағы жұмыс берушілер тарапынан болған 2900 еңбек заңнамасының бұзылу фактісін анықтады.

Бұл заң бұзушылықтарға қатысты және оны қалпына келтіру бойынша жұмыс берушілерге 1502 арыз жіберілді. Нәтижесінде қалпына келтірілген құқық бұзушылықтар бойынша 1390 жауап келіп түсті. Ұстаздар кәсіподағының бас-тамасымен білім саласының 44 қызметкері жұмысқа қайта орналасты. Оның 6-ауы сот органдары арқылы қайтадан

жұмысқа алынды. Бұдан бөлек осы саланың 113 қызметкерін заңсыз жұмыстан босатуға жол берілмеді.

Кәсіподақ кеңсесіне оның мүшелерінен көптеген арыз-шағымдар келіп түсіп жатады. Тек бытыр хат арқылы 2 074 шағым түсіп, еңбек қатынастары мәселесі бойынша 20 790 ақыл-кеңес берілді. 2017 жылы 2349 арыз-шағым түсіп, 18 878 ақыл-кеңес берілген болатын. Естеріңізге сала кетсек, қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы Қазақстандағы ең ірі қоғамдық ұйым және құрамына 700 мыңнан астам кәсіподақ мүшесі кіреді.

САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ ҮШІН ҚАРЖЫ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Ақтөбе облысында медициналық емдеу мекемелері науқастарға тегін дәрі-дәрмекті уақытылы бермегені және медициналық құжаттарды дұрыс толтырмағаны анықталды.

Жыл басынан бері күндізгі және толық стационарда көрсетілген 4,4 мыңнан аса емдеу деректері тексерілді. Соның ішінде 38 пайызында кемшілік анықталды. Нәтижесінде, ақтөбелік медициналық ұйымдардан 49,5 млн. теңге кері қайтарылған. «Мониторинг мамандары амбулаторлық-емханалық көмек пен консультациялық-диагностикалық көмек ұсынатын 44 медициналық ұйымға барып, тексеріс жүргізді. Сонда 1,9 млн. теңгеге кемшіліктер анықталды. Яғни, науқастарға толық көлемде



ем көрсетпеген, тегін дәрі-дәрмектерді уақытылы бермеген, медициналық құжаттаманы сапасыз толтырған. Ем алушылардың шағымы негізінде жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, 3 млн. теңгеге кемшіліктер анықталды», — деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» филиалының директоры Гүлмира Қожаниязова. 2019 жылы халыққа тегін ем көрсету үшін Ақтөбе облысының медициналық ұйымдарына 39,1 млрд. теңге бөлінген екен. Биыл бөлінген қаржы 4,5 пайызға көп.

Байқап отырғандарыңыздай, бұл өзіміздің ұлтымыздың ежелден келе жатқан «Аяз би» атты ертегісінен үзінді. Оны бәріміз де бала кезімізден жата-жастана оқып, көңілге тоқып өскенбіз. Ертегі, аңыз дегенімізбен оның астарында айдай анық ақиқаттың жатқаны жасырын емес. Тек соны көре білу керек. Оны көру үшін көз ғана емес, ашық көңіл, ояу көкірек пен таза ниет қажет. Өкінішке орай дәп осы

дарды менсінбейтінін осыдан-ақ көруге болады. Бір қызығы жол, суға қатысты, немесе басқа тұрмыстық түйінді тарқатуды сұрап барғандарға айтатын жауап біреу ғана — «Бюджетте ақша жоқ». Ал, ресми деректерге қарасақ жыл сайын миллиардтаған қаржы игерілмей жатады. Мынандай қимылмен олар әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды түзетуге бағытталған қаржыны қалай ғана

қызмет етуі қажет. Міне, біздегі басшылардың психологиясы мен түсінігі осындай. Лауазымдары жоғарылаған сайын биліктегілердің осы бағыттағы «маңызы» арта түседі. Жоғары қызмет бастарын айналдырып, төменде ел-жұрттың бар екенін, бұл жерде солардың арқасында отырғанын мүлдем ұмытады. Қызметтік креслоға отырғызған, қолтығынан демейтін көкелері тұрғанда қарапайым халық оларға бір қора қой сияқты. Осыдан барып халықтың белсенділігі төмендеп құлдық сана қалыптаса бастайды.

«Құлдық сана» демекші, біз онсыз да ғасырлар бойы орыс империясының илеуінде, қызыл кеңестік билеуінде болып келдік. Бәлкім, жоғары жалтақтау мен жағымпаздық психология сияқты жағымсыз мінез сол кезден бастау алған шығар. Ата-бабаларымыздың

жылдар бойы күресіп келе жатсақ та нақты нәтиже жоқ. Оған лауазымдылардың жемқорлыққа байланысты топ-тобымен ұсталып жатқаны нақты дәлел.

Қарапайым халықты былай қойғанда, көпшілік соларға қарап сап түзейтін, осылар жол көрсетіп, бағыт-бағдар сілтейді деп сенім артқан түрлі деңгейдегі әкімдер, әр саланы басқарып отырған министрлер сияқты билік басындағылардың өздері құлдық сананың салпаңқулағына айналғаны көрініп тұрады. Өз беттерінше белсенді жұмыс істеуді, жаңаша қимылдап жұрттың қамын қарастыруды білмейді. Бәрі де мемлекет басшысының аузына қарап қалған, жалтақтап тұрады. Сондықтан да Елбасы ордалы отырыста оларды бүкіл халық алдында «Сендер қорқақсындар!» деп беттеріне басқан болатын.

қалған үрдіс. Баяғыда Ленин, Сталин, Брежнев сияқты көсемдердің жеке басына табынудан қалған демократиялық қоғамға жат, ескі әдет. «Жеке басқа табыну — саяси немесе діни билік иерархиясындағы жоғары мәртебелі адамды асыра дәріптеу, оның атқаратын рөлі мен міндетті қызметін шектен тыс жоғары бағалау. Саяси қайраткерге төңірдей табынып, шектен тыс ұлықтау...» — деп анықтама берілген екен уикипедияның ашық энциклопедиясында. Бұл құбылыс орыстарда бағзы заманнан бар, бізге де солардан жеткен. Иисус Христостың бейнесін іліп қойып, соған шоқындып, табынатын діни ұғымнан басталғаны белгілі. Ал, біз мұсылман еліміз, соны ұмытпауымыз керек. Сондықтан, мемлекет басшысының суретін көрінген жерге ілуді тоқтатқанымыз жөн.

«Бұның бәрі белгілі жай, оны несіне езіп отырсың, данышпан болсаң содан құтылудың жолын сілтемейсің бе» — дейтін болар біздің оқырмандар. Бұл жерде данышпан болудың да қажеті жоқ, ол жағын өздеріңіз де жақсы білесіздер. Соның бірнешеуін ғана атап өтейік. Алдымен демократиялық қоғам құрамыз деп жариялаған соң соның заңдылықтары мен құндылықтарын қатаң сақтауымыз қажет. Мәжіліс депутаттарын мәслихат, мәслихат депутаттарын әкімдер, әкімдер мен сот төрағаларын Президент тағайындайтын емес, оларды халық өзі сайласын. Сол кезде әкімдер мен депутаттар өзін ұсынған сайлаушыларына есеп беріп, бағынышты болады.

Екіншіден және ең бастысы, Отанын сүйетіндей, туған жері үшін қасық қаны қалғанша күресетін ұрпақты тәрбиелейтін идеология қалыптастыру қажет. Қазір біз «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолға алдық, өте дұрыс. Қарапайым халық еркін, рухы биік болуға тиісті. Барлық байлықты ат төбеліндегі байлар иеленіп, кедей-кешіктің күнін кешкен, рухы тапталған адамдар ешқашан қолына қару алмайды, Отанын қорғамайды. «Бар байлықтың қызығын көріп жатқан екенсіңдер өздерің аяқасындар жаумен» — деуге құқығы олар. Ал, миллиардерлер ел басына күн туса, байлықты арқалап шетелге қашатыны анық. Бұндай жағдайлар тарихта талай рет болған. Үшіншіден, Атазаңымызды жазылғандай, сөз бостандығы болғаны жөн. Сын айтқандардың соңына құқық қорғаушыларды салып қою да жақсылыққа жеткізбейді. Қорқытып-үркіту керісінше көпшілікті құлдық санаға итермелейді. Ондай халық соғыс емес, бейбіт еңбекте де ерлік көрсете алмайды. Сын түзелмей, мін түзелмейді. Сын айтушылар біреуді мұқату үшін емес, көзге ұрып тұрған кемшіліктерді түзейік деген ниетін білдіреді. Сын естіген басшының ішегі үзіліп кетпейді. Керісінше, соны назарға алып түзете білу — көрегендіктің, біліктіліктің белгісі. Өзіміз бастаған рухани жаңғыру тек қана тарихты термелеп, өткенімізбен мақтанудан ғана тұрмайды. Оның бәрі біздің ата-бабаларымыздың еңбегі, содан сабақ алып, үйренуіміз қажет. Бүгінгі тарихты біз өзіміз қалай жазып жатырмыз, кейінгілерге қандай қасиет, қандай өсиет, қандай мұра қалдырмақпыз? Ұлы даланың ертенгі иесі болар ұрпақтарымыздың болашағы үшін бәріміз де жауапты екенімізді ешқашан естен шығармаспақ екен...

«...Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жырттық тоны мен жаман тымағын ордасының мандайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Әй, Аяз би, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз би, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» — деп, көңілін басушы еді дейді...»

ҚҰЛДЫҚ САНАДАН ҚАШАН ҚҰТТЫЛАМЫЗ?

жағы бізде жетісе бермейді. Әкім болсын, министр болсын, жоғары лауазымға ие болғандар «Өзі болған қыз төркінін танымайды» демекші, қарапайым халықты көзіне ілмейтін күйге жетеді. «Ұлық болсаң — кішік бол», — деген ата-бабаларымыздың асыл сөзі адыра қалды...

Қарапайым ғана мысалдан бастайық. Сізге аудан әкіміне әлеуметтік-тұрмыстық мәселелермен кіру керек болды делік. Әкімнің өзіне сіз бірден кіре алмайсыз, есікті күзетіп едірендегендер кеуденіңізден кері итереді. Жолыңыз бола қалса оның орынбасарына барасыз. Бірақ, қазіргі орынбасарлар мандытып ештеңе шешпейді. Сөйтіп бір жұма әкімнің қабылдайтын күнін күтесіз. Залтолы адамдарды бірден қабылдайтын әкім айтылған тілектерді қасындағы орынбасарларына тапсырады. Олар өз кезегінде бөлім басшыларына жүктейді. Бөлім басшылары қарамағындағы мамандарға сілтейді. Анайылау болса да айта кетелік, қазақта мұндайды «Ит — итті жұмсайды, ит — құйрығын жұмсайды» дейді. Мамандардың мимырт қимылы өз алдына, жаңағы айтылған мәселенің ақырында жартысын да орындамайды. Сөйтіп тұрғындардың талап-тілегі аяқасты қалып, наразылықтары көбейе түседі.

Қала мен облыс әкіміне кіру мүлдем мүмкін емес, ол үшін 1-2 ай бұрын жазылу қажет, соның өзінде кіру-кірмеуіңіз екіталай. Есік көзінде тұрғандар мен хатшылары «Әкімнің қабылдауға уақыты жоқ» деп шығарып салады. Адамдарды дер кезінде қабылдаса ол не үшін әкім болып отыр? Уақыты тапшы болатындай ол қандай мемлекеттік маңызды шараларды іске асырып жатыр? Ешқандай! Басқа шұғыл жұмысы болуы да мүмкін емес қой. Ең бастысы — қарапайым адамның мұң-мұқтажын тындап, көмектесе қойсам деген ниет жоқ оларда. Әкімдіктің табалдырығын аттау үшін алдымен қойын-қонышыңызды ақтарып тексереді. Телефонныңызды кіре беріске тастап кету керек. Сонда әкімдер өз халқынан өздері қорыққаны ма? Бұл ережені кім ойлап тапты? Олар басқа әлемде тұрып жатқанын, қарапайым адам-

игерсін? Сөйтіп шешілмеген мәселелер қордаланып, жылына бір-ақ рет өтетін әкімнің есеп беру жиналысында соны жеткіземін деген тұрғындардың жанайқайына ұласады.

Қазір қаланы күнде аралап жүретін, орын алып жатқан жағдайды жандайшаптарының жеткізуімен емес, өз көзімен көретін бірде-бір әкімді атай алмаймыз. Кеңседен шықса креслосын біреу ұрлап кететіндей әкімдіктің сыртына сирек аттап басады. Бар бітіретіндері — ешқандай нәтиже бермейтін жиналыс өткізу ғана. Қазақша айтқанда — «Құл төбенің басында күн де жиын». Шыға қалса да облыс, қала әкімдері алды-артына полицияның көліктерін салып алып жүреді. Бұл не деген астамшылық, олар шетелдік делегация емес қой. Қала, облыс әкімдері де өз ұлтының ортасынан шыққан адамдар емес пе? Олай болса өз халқынан неге қорқады, неге полицейлерді ертіп жүреді? Әкімнің соңынан жүргенше сол полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті қадағалап, қылмыскерлермен күреспей ме? Осының өзі көп нәрсені аңғартса керек. «Мені көрсендер ме, біліп қойындар!» дегенді байқатпай ма? Содан барып қарапайым халық арасында «Мынау шынымен де мықты екен!» деген пікір пайда бола бастайды, жаңағы дөкейдің алдына баруға батылы жетпейтін бейшара күйге түседі. Нәтижесінде, халық пен биліктің арасы алшақтайды, орталарында әлеуметтік теңсіздік орнайды. Ал, шын мәнінде, заң бойынша сол әкімдер мен министрлер кімдер? Олар — тура мағынасындағы халықтың қызметшілері болуға тиісті. Ия, дәп солай! Бізде бәрі керісінше, бір кішкене лауазымға ие бола қалса кеудесіне нан пісіп, халықты қара тобыр санап, өзін олардан биік санау басталады. Ондай басшылардың ойынша қара халық олардың алдында құрдай жорғалап, табынып тұруы керек. Қарапайым адамды балағаттап, тіпті қол жұмсауға дейін баратындар да табылаушы. Бұл туралы «Қазақ үні» газетінде («Абайланыз, әкім келе жатыр!..» 30 Наурыз, 2018 ж.) жазған болатынбыз. Яғни, әкім халыққа емес, халық әкімге



жаудан қайтпас өр, қайсар мінезі мен ешкімге бас имейтін биік рухын жоғалтып алуымыздың басты себебі де осында жатқан болар.

Бүгінгі күн мүлдем басқа, ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізді алып, егемен ел атандық. Оған да 30 жылдай уақыт болып қалды. Жаһанға демократиялық қоғам құрып жатырмыз деп жар салғалы да ширек ғасырдан асты. Ал демократиялық жүйенің басты ұстанымы — қоғамды халықтың өзі басқаруы емес пе? Атазаңымыз бойынша да мемлекеттік билік пен барлық байлықтың иесі халық болып табылады. Оның әрбір мүшесінің мұң-мұқтажы ескеріліп, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын барынша жақсарту болып табылатыны белгілі. Біздегі орын алған күнделікті тәжірибеге қарасақ бәрі керісінше. Билік басындағылар мемлекет мүлкін, бюджет қаржысын әкелерінен аманатқа алып қалғандай, өздерін қасиетті қазақ жерінің бүтін болмаса да жарты Құдайындай сезініп жүр. Қара халықты құл есебінде ұстағысы келеді, одан кейін қайтып құлдық сана қалыптаспайды. Біз неге сол құрып кеткір құлдық санадан құтыла алмай келеміз? Бұл үлкен сұрақ, және оның тойымсыздық, жемқорлық, жағымпаздық, өзгелерді қанап үстемдік етсем деген секілді пиғылдағы себептері толып жатыр. Өкінішке орай, осы жағымсыз қылықтармен ондаған

Өте дұрыс айтылды. Сабаққа дайындықсыз келген мектеп оқушысындай үнемі бастарын төмен салып, қашан көрсен де сүмірейіп тұрғандарға басқа не айтуға болады. Осы отыз жылға жуық уақытта мемлекет басшысы тарапынан өзіне сын айтылғанда бір ғана министр «Олай болса мен отставкаға кетемін» деген батыл сөз айтқан екен. Ол — Ерболат Досаев. «Сіздің тапсырмаңыз бойынша, Сіздің айтқаныңыздай, Сіздің...» - деуден танбайтын, өзіндік ойы жоқ қалтырауық басшылардан не күтуге болады? Мемлекет басшысы соның бәрін шайнап аузына салып беруі керек пе? Шайнап бергенді де жұта алмайды керек десеңіз. Сонда президент айтпаса олар өз беттерінше ештеңе істемеуі керек пе? Он жерден роботқа айналып кетсе де тапсырманы орындауға болады ғой. Ол да жоқ қой. Нәтижесінде мемлекеттік бағдарламалар орындалмай, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бөлінген қыруар қаржы жыл сайын игерілмей қалып жатыр. Президенттің портретін кеңсесінің төріне іліп қойып, түк бітірмей қарап отыра беретін басшылардан не пайда? Тіпті, жансыз болса да ел басшысының ілулі тұрған бейнесінен ұялмайды да. Егер сол әрбір портретке жан бітіп, «Әй, сен не бітіріп отырсың?!» деп тұрса бәлкім олар күнделікті дұрыс жұмыс істер ме еді. Жалпы портрет іліп қою, орыстардан

ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ ЧИНОВНИКОВ БИЗНЕСУ – ЭТО ФОРС-МАЖОР

Противодействие чиновников бизнесу должно рассматриваться как форс-мажор – об этом заявил Азат Перуашев на пленарном заседании Мажилиса.

«Одним из важнейших факторов, влияющих на инвестиционную привлекательность и защищенность бизнеса, является прозрачность и обоснованность государственной политики в вопросах изъятия земельных участков, выделенных под реализацию проектов.



Потому что невозможно реализовать ни один инвестиционный или индустриальный проект без возведения соответствующих зданий и сооружений. В воздухе красиво висят только воздушные замки, а для индустриализации надо крепко стоять на земле», – говорится в озвученном им депутатском запросе в адрес правительства.

Перуашев указал на многочисленные обращения и жалобы предпринимателей на спорные, а иногда прямо необоснованные решения чиновников, нередко граничащие с вымогательством. Но суды в этих вопросах, как правило, поддерживают иски госорганов, несмотря на время и немалые средства, затраченные предпри-

нимателями на прохождение всех положенных процедур, разработку и экспертизу проекта и т.д.

Он напомнил, что в начале года фракция ДПК «Ак жол» обратилась к председателю Верховного суда с просьбой разъяснить правоприменительную практику в данном вопросе и выработать обоснованные подходы в интересах экономического развития и реализации как государственных интересов, так и законных прав предпринимателей.

В этих целях при председателе Верховного суда создана рабочая группа, которая выявила ряд существенных пробелов в регулировании данной сферы на уровне исполнительных органов и НПА, которые можно и нужно устранять.

Так, ст. 92 Земельного кодекса предусматривает принудительное изъятие земельного участка при истечении выделенного срока, если участок не освоен либо используется не по назначению. Но сами критерии освоения/не освоения законодательно не определены, что позволяет чиновникам изымать участки по собственному усмо-

трению и создаёт условия для злоупотреблений в отношении предпринимателей.

При этом кодексом сделаны исключения по принудительному изъятию для участков, выделенных физлицам для ИЖС, где сроки освоения исчисляются только с момента обеспечения такого участка инженерной инфраструктурой. Также предусмотрено право на продление срока освоения для земель сельхозназначения, если участок не мог быть освоен вследствие непреодолимой силы.

«Но почему-то проявленный здесь здравый смысл не распространяется на участки, выделенные под реализацию инвестиционных проектов в сфере гражданского и промышленного строительства, индустриализации, энергетики, транспорта и т.д.», – подчеркнул Перуашев и добавил, что и такие проекты сталкиваются с объективными препятствиями для освоения в виде отсутствия инженерных сетей, затягивания госорганами разрешительной документации, либо стихийных бедствий.

В качестве еще одного примера депутат привел прошлогодний Приказ министра сельского хозяйства №194, утвердивший Правила выявления земельных участков, не используемых в соответствующих целях или используемых с нарушением законодательства, и вроде бы призванный закрыть этот правовой пробел. Однако



и там нет четких критериев, а определение освоения или не освоения земельных участков отдано на усмотрение районных акиматов. Такой подход создаёт ещё больше оснований для разного толкования одних и тех же ситуаций.

Очевидно, что Минсельхоз исходил из ведомственных интересов, поскольку интересы пользователей земель сельхозназначения в законодательстве более-менее защищены, хотя и по ним имеются обращения предпринимателей.

Но, по мнению Перуашева, особенно остро нуждаются в подобной защите проекты МСБ, для которого подведение коммуникаций за собственный счёт просто разорительно, а хождение по кабинетам начальников порой становится серьёзным барьером. Противодействие чиновников, в принципе, тоже можно считать форс-мажором, так как для предпринимателя это также непреодолимая сила.

«А ведь именно МСБ должен выступать драйвером экономики, именно он выполняет роль по внедрению и апробации новых технологий и инновационных решений, именно этот сектор призван обеспечить

массовую занятость граждан. И именно у малого и среднего бизнеса сегодня чиновники под формальными предложениями отбирают участки, нанося ущерб, разоряя и пресекая начатую предпринимательскую инициативу. Таких примеров в почте «Ак жол» более чем достаточно», – отметил руководитель ДПК.

В этой связи фракция «Ак жол» просит Правительство, учитывая начало строительного сезона, в срочном порядке выработать единые критерии освоения земельных участков, а также распространить защитные меры по продлению сроков освоения (с момента подведения инженерных сетей и с учётом форс-мажорных обстоятельств) не только на ИЖС и земли сельхозназначения, но и для гражданского и промышленного строительства, и прежде всего – объектов малого и среднего бизнеса.

Свои предложения по критериям освоения фракция готова внести в рабочий порядок.

ДПК «Ак жол» и ее парламентская фракция продолжают работу по реализации предвыборной программы и защите интересов бизнеса.

ВЫСОКИЕ КОМИССИИ ПО КАРТАМ ПРЕПЯТСТВУЮТ РАЗВИТИЮ БЕЗНАЛИЧНЫХ ПЛАТЕЖЕЙ

Высокие банковские комиссии препятствуют развитию безналичных платежей – фракция «Ак жол» требует снижения комиссии на оплату товаров по картам. Об этом заявила Дания Еспаева в депутатском запросе в адрес председателя Нацбанка.

«Безналичная оплата с каждым годом становится все более привычной формой расчетов у казахстанцев. Так, по данным Нацбанка в 2018 году с использованием платежных карточек проведены 523,8 млн. безналичных транзакций на сумму 6,4 трлн. тенге, что превышает показатели прошлого года в 2,3 и 2,1 раза соответственно. Через интернет/мобильный банкинг проведены 190,2 млн. безналичных операций на сумму 3,1 трлн. тенге – в сравнении с 2017 годом их количество и объем выросли более чем в два раза», – говорится в запросе.

Однако, как отметила депутат, несмотря на значительное увеличение проводимых платежей через POS-терминалы, тарифы, взимаемые банками с торговых организаций, остались на прежнем уровне – в среднем они составляют от 0,5% до 2,5% от суммы.

По законам бизнеса, увеличение объемов продаж и наличие конкуренции влечет за собой снижение стоимости услуг. Однако это не наблюдается в банковском секторе. Проблема высоких ставок банковского обслуживания при безналичных платежах и их неравномерности для разных сегментов торговли поднимается не первый год.



Еспаева считает, что высокая стоимость услуг является одним из главных факторов, сдерживающих развитие безналичных платежей, особенно это является большим препятствием для представителей малого бизнеса.

На сегодняшний день малый бизнес работает на основе патента по упрощенной декларации. Налоговая нагрузка составляет 3% от оборота, при этом, в соответствии с пунктом 1 статьи 165 Налогового кодекса, МСБ обязывают устанавливать POS-терминалы для расчетов за приобретение товара, выполнение работ, оказание услуг посредством наличных денег или платежных карточек.

Для соблюдения требований Налогового законодательства, им необходимо приоб-



рести кассовый аппарат и поставить POS-терминал. При этом если сам банк выдает терминал, то требует, чтобы обороты были не менее 200-300 тысяч тенге, в противном случае банк забирает свой аппарат. А банков-

ская комиссия 2,5%, а иногда и 3% от суммы транзакции является для предпринимателя крайне невыгодной.

Зачастую, это и является основной причиной отказа от установки POS-терминалов. В целях поддержки и развития МСБ государство предусмотрело специальный режим с налогообложением в 3%, а дополнительная оплата банкам за использование POS-терминала увеличивает нагрузку для бизнеса от 5 до 6%.

Если для представителей крупного бизнеса прием платежей к оплате через банковские карты дает определенные плюсы – снижает затраты на инкассацию и риски по операциям, связанные с наличными денежными средствами и компенсирует комиссии по эквайрингу, то для представителей малого бизнеса, объемы операций которых незначительны и не требуют инкассации, эквайринг относится к дополнительным расходам.

Кроме того, цена на товар в магазинах складывается с учетом услуг по эквайрингу, а значит, берется из кармана потребителя, и если будет возможность снижения комиссии, то это отразится на сокращении издержек торговых точек и, в конечном итоге, позволит сдерживать рост цен.

В этой связи депутаты фракции «Акжол» просят Нацбанк рассмотреть вопросы снижения комиссий на оплату товаров по картам и регулирования комиссий за платежные операции по банковским карточкам.

ТӘУЕЛСІЗДІК АТАУЫН ЖОЮҒА КІМ РҰҚСАТ БЕРДІ?!.

ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ҚОРҒАЙ АЛМАҒАНДАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

ТӘУЕЛСІЗДІК АТАУЫНА ҚАРСЫ ШЕШІМ ШЫҒАРҒАН Павлодар облысы, Өскемен және Талдықорған қалалық мәслихаттары таратылуы керек! ТӘУЕЛСІЗДІК атын жоюға тапсырма берген, бастама көтерген ӘКІМДЕР ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ қалай отырады?!
Қасиетті ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АТЫН ҚОРҒАП, БІР ДЕ БІР ДЕПУТАТТЫҢ ШЫҚПАҒАНЫ БІЗДІҢ ұлттық қауіпсіздік деңгейіміздің қауіпті жағдайда тұрғанын көрсетеді!
Бұндай әкімдер мен депутаттарың болса, жауды алыстан іздеудің керегі жоқ қой!



Қазыбек ИСА,
«Қазақ үні»

«Әкесін сабағанды көріп ем, арбаға байлап сабағанды тұңғыш көруім» дегендей, Елбасымыздың аты елордаға беріліп бітпей жатып, облыс орталықтарында көшелерге де беру үшін аламан жарыс басталып кетті.

Дәл сол кезде «Қазақ үні» ұлттық порталы «Тоқаев тапсырма бергенімен, Абайды аласартып, Тәуелсіздікті түсіріндер деген жоқ» атты жанайқайын жариялап, дабыл қақты. Мен өзім де Демократиялық күштердің «Қазақстан -2050» коалициясы отырысында сөйлеген сөзімде көтергендей, шаш алдесе, бас алған әкімдердің, яғни жергілікті мәслихат хатшылары мен депутаттарының «социалистік жарысы» арқасында ұлы тұлғаларымыз Абайдың, Әбілқайыр ханның, Төле бидің, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың аттарын алып тастауын, тіпті Тәуелсіздік атауын алып тастауға шешім шығарғанын қалай түсінуге болады? Батыр бабаларымыздың қанымен келген, бағасы да, баламасы да жоқ Тәу етер Тәуелсіздігіміз болмаса, Ел бола ма, Елбасы бола ма? Ақпарат министрі Дәурен Абаев пен Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедияұлына рахмет, дер кезінде ресми жауап беріп, бұндай келеңсіздіктердің тоқтатылғанын мәлімдеді.

Жарыс жанталасының екпіні қандай болғанын Тәуелсіздік даңғылын өзгертуге аталмыш мәслихаттарға бір сағаттың арасында ғана уақыт жеткілікті болғанынан-ақ білуге болады... Ендеше осындай ғарыштық қарқынмен, Тәуелсіздіктің атын алып тастауға 28 минуттай уақыт жұмсаған Павлодар облыстық мәслихат депутаттары 28 жылдан бері неге орыстың ауру патшазадасының аты «Павлодарды» алып тастай алмай отыр...?

Бізде қазір қандай да бір келеңсіздіктер болсын, ешкім, нақты бір тұлға жауап бермейтін, жалпылама жайдақ қарайтын жаман әдет қалыптасқан.

Біріншіден, осы облыс орталығы болып саналатын үш қаладағы басты көшелерден ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ЖОЮҒА КІМ ТАПСЫРМА БЕРДІ?! Әкімдер ме, мәслихат хатшылары ма?

Екіншіден, мәслихат сессиясында ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ЖОЮҒА КІМ БАСТАМА КӨТЕРІП, ҰСЫНЫС ЖАСАДЫ?!

Үшіншіден, қасиетті ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АТЫН ҚОРҒАП, БІР ДЕ БІР ДЕПУТАТТЫҢ ШЫҚПАҒАНЫ БІЗДІҢ ұлттық қауіпсіздік деңгейіміздің қауіпті жағдайда тұрғанын көрсетеді!

Сонда ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ҚОРҒАЙ

АЛМАҒАНДАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

Ендеше, бұндай мәслихат депутаттарының не керегі бар?! Осы ТӘУЕЛСІЗДІК ұғымына қарсы шығып отырған шешімдерімен бұл мәслихаттар өзін-өзі таратуға дайындап отыр ғой... Мәслихат хатшылары мен депутаттар әкімнің айтуынсыз аттап баспайтынын ескерсек, **ТӘУЕЛСІЗДІК атын жоюға тапсырма берген, бастама көтерген ӘКІМДЕР ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ қалай отырады?!**

Белгілі болғандай, ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ЖОЮҒА ТАПСЫРМА бергендер облыс, қала әкімдері де (суретте), ұсыныс жасағандар мәслихат хатшылары.

Павлодар облыстық мәслихатында Тәуелсіздік даңғылының атын ауыстыруға қолдау жасаған депутат, Ақсу ферроқорытпа зауыты директоры **Сергей Прокопьев**. Керекулік ұлт зиялыларының ондаған жыл күресіп, «Қазақ үні» газеті бастаған республикалық БАҚ-тар талай жазып, Кутузов даңғылының атын ТӘУЕЛСІЗДІК деп атауға былтыр ғана қол жеткізгені Сергей Прокопьев пен облыстық мәслихат депутаттарының бірінің де ойына кіріп шыққан жоқ... Қалада Елбасының атына ауыстыруға лайықты «Астана» (бұрынғы Ленин көшесі), «1-май», Ломов, Лермонтов көшелері болғанның өзінде...

Иә, қисынға қарасақ, Астана қаласы Нұр-Сұлтан қаласы болып өзгерген соң, Астана көшесі де Нұрсұлтан Назарбаев болуы керек емес пе, ТӘУЕЛСІЗДІК даңғылы емес...

Сонымен қатар, Өскемен қаласындағы орталық көшелердің бірі Ушанов, Карбышев, Ворошилов көшелері, немесе Ертістің бойындағы ең әдемі жерде орналасқан Протозанов көшесін неге бермеске? Неге міндетті түрде ТӘУЕЛСІЗДІК даңғылының атын ауыстыру керек?

Мұндай кешірілмес саяси сорақылықтарға Республикалық ономастикалық комиссия тоқтау салады деп сенеміз.

Біз енді осы ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ЖОЮҒА ШЕШІМ ШЫҒАРҒАН облыстық мәслихат депутаттарының тізімін жариялаймыз.

Таныс болыңыздар, Тәуелсіздіктің атын жойған Тәуелсіз Қазақ елінің әкімдері мен депутаттары мыналар:

Павлодар облысы әкімі Болат Бақауов
Павлодар облыстық мәслихаты хатшысы Б.Бексейітова

Павлодар облыстық мәслихаты депутаттары:

1. Бугубаев Марат Асхатович
2. Прокопьев Сергей Леонидович
3. Шалабаева Аршагуль Альжахановна
4. Терентьев Александр Алексеевич
5. Сартаев Орал Рахмашевич
6. Бақауов Марат Жумабекович
7. Уразбаев Сайлау Шаймарданович
8. Нурханова Гульмира Габдулхамитовна
9. Турлубаев Жанат Кажатович



10. Тусупбекова Карлыгаш Женисовна
11. Абишев Кайрат Сансызбаевич
12. Оспанова Айман Каиркеновна
13. Берковский Владимир Александрович
14. Айтжанова Динара Нуржановна
15. Капенов Кабылқак Кабдыл-Манапович
16. Круг Олег Павлович
17. Вакансия
18. Вакансия
19. Романов Роман Сергеевич
20. Бексейітова Бахыт Макановна
21. Вакансия
22. Арынов Ербол Сейтахметович
23. Стрелковская Марина Владимировна
24. Сыздықов Серым Вахапович
25. Бойчин Анатолий Васильевич
26. Касицин Александр Анатольевич
27. Поляков Александр Владимирович
28. Вакансия
29. Мейрамова Айнур Зайргельдиновна
30. Свамбаев Рыскан Тишпекевич
31. Гайнулин Раис Харисович
32. Абишева Гульжан Исимбаевна

Өскемен қаласы әкімі Жаксылық Омар
Өскемен қалалық мәслихаты хатшысы А.Светаш

- Өскемен қалалық мәслихат депутаттары:
1. Курманғалиев Арман Айтмуханович Тел. 23-30-61
 2. Тлеуқенов Оралхан Рақимжанович Тел. 62-25-36
 3. Бахыт Маржан Тел. 70-55-38
 4. Белялұев Анатолий Анатольевич Тел. 77-67-02 77-46-61
 5. Потапов Игорь Николаевич Тел. 25-82-82
 6. Ахметжанов Ринад Руланович Тел. 70-49-41
 7. Анашкин Михаил Николаевич Тел. 21-79-32
 8. Нурбаев Ерлан Мағзұмдиевич Тел. 62-50-48
 9. Омарбеков Ермек Сембаевич Тел. 57-38-55
 10. Светаш Александр Александрович Тел. 26-43-48
 11. Тесленко Максим Владимирович Тел. 62-18-70
 12. Кондратенко Сергей Николаевич Тел. 23-31-33
 13. Рахимбердин Қуат Хажумуханович Тел. 54-01-77
 14. Қаримов Станислав Александрович Тел. 87027766702

15. Фролов Олег Геннадьевич Тел. 26-88-33
16. Умарбеков Нурлан Кажмуратович Тел. 29-11-06
17. Миронова Юлия Вячеславовна Тел. 55-17-22
18. Потапенко Николай Михайлович Тел. 29-17-29
19. Сайлаубаев Сейлжан Жиреньевич Тел. 26-28-10
20. Кикина Марина Ивановна Тел. 71-27-14
21. Коротин Сергей Викторович Тел. 20-87-77
22. Климов Сергей Александрович Тел. 29-83-04
23. Екибасова Майраш Шайзадиновна Тел. 26-73-13
24. Досыбаева Алия Нарбековна Тел. 75-15-35 22-45-10
25. Рахимжанова Тамара Анатольевна Тел. 53-09-08

Талдықорған қаласы әкімі Дастан Шалтабаев

Талдықорған қалалық мәслихаты хатшысы Қ.Бұлдыбаев

Талдықорған қалалық мәслихаты депутаттары:

№ избир. округа	Ф.И.О. депутата
1	2
№1	Ахметова Асия Турсуновна
№2	Джансенгиров Серик Максимович
№3	Нурлыбаева Жамал Нуратаевна
№4	Онгарбаев Берик Сатыбалдинович
№5	Досқалиев Марат Канатович
№6	Ержанова Баян Хамидуллаевна
№7	Сапаров ЕлдарҚайсарұлы
№8	Ким Валерий Федорович
№9	Валишанов Руслан Вахапович
№10	Мамыров МауленСатымбаевич
№11	Бұлдыбаев Кайрат Найманбаевич
№12	Мусабекова Мамила Курманжановна
№13	Арқабаев Бақыт Ергазиневич
№14	Ахажан Темирболат Жанболатович
№15	Тустукбаев Бақытай Кабдолданович

Бұндай әкімдер мен депутаттарың болса, жауды алыстан іздеудің керегі жоқ қой!
Міне, Тәуелсіз елде ТӘУЕЛСІЗДІК АТЫН ЖОЙҒАН осындай ӘКІМДЕР мен ДЕПУТАТТАР да бар!

«Біздің Қазақстанда бәрі де бола береді» — деген мысқыл сөз осындай масқараларды көріп шыққан шығар...

Асылы ОСМАН:

БИЛІК БАСЫНДАҒЫ БАСШЫЛАР ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУІ КЕРЕК

— Асылы Әлиқызы, қазақ халқына деген ризашылығыңызды үнемі тілге тиек етіп жүрген жанның бірі өзіңіз... Сіздің пікіріңізді тыңдаған сайын қазақ болып туғаным мақтанатындардың бірімін...

— Қазақтың даладай дархан пейіліне бас иемін. Қазақтың бойына дархандығы даласынан дарыған, тектілікке бабасынан жарыған. Әрбір қазақ баласының бойында адами асыл қасиет пен тектілік бар. Жер аударылып, Қазақстан топырағына тоғтықанда, ешқайсымызды жатсынбай, кеудемізден итермей, бауырына басты. Өздері жарымай отырса да, жартысын жарып, бүтінін бөліп берді.

Арта қалғанды алға сүйреуі, сүрінгенге сүйеу бола білгені — қазақтың өзін жоғары бағалайтын бауырмалдық қасиеті деп білемін. Қазақ халқының осындай бауырмалдық қасиеті менің де бойыма дарығаны қуантады. Жалпы біздің Қазақстан ел бірлігі мен тұтастығына, достығына айрықша мән беретіндігімен ерекшеленеді. Қазақстанда тұратын қаншама ұлт пен ұлыстың теңдігін сақтап, бірін екіншісінен бөліп-жармай, бірлікте болсын деген мақсатта Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Осындай игі істің барлығы еліміздің тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың сарабал саясатының жемісі деп білемін. Қазақстан — барша ұлт пен ұлысқа құшағын айқара ашып, Ассамблея арқылы барлығын теңдікте ұстап отырған әлемдегі көпұлтты бірден-бір мемлекет.

Тәуелсіз Қазақстан халқының 1 — мамыр күнін ресми түрде бірлік күні ретінде

атап өтуі елімізде ынтымақ пен бірліктің салтанат құрғандығының айқын көрінісі. Қазақта: «Бірігу ата-баба өсиеті, бөліну заман қасіреті» деген керемет бір сөз бар. «Бірлік бар жерде, тірлік бар» демекші, ынтымақ пен бірліктің және күні бүгінге дейін ел басқарған Нұрсұлтан Әбішұлының көрегенділігінің арқасында Қазақстан бүкіл әлем таныған алып мемлекетке айналды.

— Ел билігіндегі соңғы өзгерістер сізге қалай әсер етті?

— Нұрсұлтан Назарбаев ел басқарған мезетте өз елі үшін ғана емес, адамзат баласы үшін адал қызмет ете білгені әмбебап. Нұрсұлтандай дана да дара, кемеңгер де көреген ұлы бар қазақ елі шынымен де бақытты халық деп есептеймін. Алланың берген ақыл-парасатын халқы үшін аямай жұмсаған ол кісінің ерен еңбегі елінің есінде мәңгі сақталары сөзсіз. Елінің жарқын болашағы үшін маңызды шешім қабылдаған Тұңғыш Президентімізге елдің алғыстан басқа айтары жоқ. Қазақтың атын әлемге танытқан көреген көшбасшының Тәуелсіз Қазақстанның тарихында аты алтын әріптермен жазылып қалары анық.

Ел тізгінін қолға алған Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің кемелдігін көрсетіп, халықтың ынтымағы мен бірлігін одан әрі арттыра беретініне сенімдімін.

— Астанамамыздың Нұр-Сұлтан атануын дүйім жұрт қолдап, қуанып жатыр. Сіз қандай күйдесіз?

— Әрине қуаныштымын. Астанамамыз — Нұр-Сұлтан атанып, нұрға бөленіп жатқанда

қалай ғана қуанбассың? Дәл осы мәселені, БАҚ беттерінде бұдан ертерек көтерген болатынмын. Дегенмен, дәл қазір пісіп жетілген уақыты деп білемін. Елі үшін, еселі еңбек етіп, маңдай терін төккен Тұңғыш Президентіміз бұл құрметке әбден лайықты. Ел астанасын ару Алматыдан Астанаға көшірудің өзі — стратегиялық мәні бар өте үлкен еңбек екені даусыз. Нұрсұлтан Әбішұлы тақыр жерден құлпырған астана салып, шыбықтан шынар, шынардан мұнар тұрғызды.

Күндіз бізге күн жарық сыйласа, түнімізді ай жарық етеді. Бұған дейін ел тізгінін ұстаған Нұрсұлтан Назарбаев та біздің еліміз үшін күндіз күн, түнде ай іспетті жарық сыйлады деп білемін. Қашан да, нұрын шашып араны аман жүрсін деп тілеймін. Бұл менің ғана емес, көптің тілеуі.

— Қазақ тілінің бүгінгі күйіне әлі де алаңдаулы екеніңіз белгілі...

— Иә, қазақ тілінің тұғырына қонбағаны ғана көңіліме кірбің ұялатады. Аллаға шүкір, қалғанының бәрі бар. «Дарияға көпір салдым, өткен өзім өте алмадым, осынша жүріп мақсатыма жете алмадым» дегеннің керін кешпесек екен деймін. Осындай шұрайлы тілдің қадіріне жете алмай жатқанымыз ғана жаныма батады.

— Асылы Әлиқызы, қазақ тілінің мәселесін шешу үшін қандай қадамдар жасауға тиіспіз?

— Біз әлде де тіл мәселесіне жете мән беруіміз керек. Билік басындағы басшылар қазақ тілінде сөйлеуді жолға қойып, жұртқа үлгі болса жөн-ақ еді. Қазақ тілін дамытуымызға жетпей жатқан нәрсе — талап,



қажеттілік, сұраныс. Сондықтан қазақ тілін білуді талап ете отырып, қоғамда қажеттілік туғызуымыз керек. Тілді білмеген адам ұлттың жан дүниесін де ұға алмайды. Тіл тағдыры — ел тағдыры. Менің бар арнамым да, тілегім де — Қазақстанда тұрып жатқан әрбір қазақстандық, қазақ тілін білсе, ұлттың болмысын ұқса екен деймін. Ана тіліміз — тұғырына қонса, асқақ арнамымыздың орындалғаны. Қазақстан өркениетті елдердің қатарынан ойып тұрып орын алса, бүкіл әлем қазақ деген халықты қастерлеп сыйласа, біз үшін бұдан асқан бақыт жоқ дер едім.

— Бүгінгі қоғамда сізді басқа қандай мәселелер толғандырады?

— Ең әуелі біз негізгі құндылықтарымыз — салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды сақтай білуіміз керек. Осы бір құндылықтарымыз бүгінде барлығымыздың бойымыздан табыла бермейтіндігі өкінішті. Мені алаңдататыны — қазағымның өз бойындағы асыл қасиетінен, менталитетінен алшақтап бара жатқандығы.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Гүлмира САДЫҚ,
qazaquni.kz



Абзал ҚҰСПАН:

САЙРАГҮЛДІҢ ІСІ БОЙЫНША МЕН ҰЯЛАТЫН МӘСЕЛЕ ЖОҚ



■ ZAN

Талдықорған қаласында өткен сот отырысы бойынша фейсбуктегі бірқатар ағайынның шынымен надандықтары ма, әлде әдейі жағдайды ушықтырғысы келе ме түсінбедім, Сайрагүлге босқын статусын бермегеніне Қазақстанның Үкіметі емес, адвокат Абзал Құспан кінәлі екен деген мәлімдеме таратуда екен. Ол туралы көптеген жолдастарым жекеме шығып жатқасын ғана білдім, әйтпесе кеше ғана Алматыдан Ақтөбеге сот процесіне келіп, бүгін Оралға шыққалы отырғам. Асығыстау болса да не жағдай екенін, елдің өсек-аяқынан емес, өз аузымнан естіңіздер.

Біріншіден, мен Сайрагүлді азаматтық іс бойынша қорғаудан бас тартқам жоқ, ол өзі менен бас тартты, ол оның құқығы (мені істі аяғына жеткізбей тастап кетті деушілер бар екен әлі).

Екіншіден, қылмыстық іс бойынша жыл бойына адвокат ретінде бастан-аяқ өзін қатысып өте жақсы нәтижемен аяқтады. Әрине, көппен біткен іс болды, ол туралы Ютубта менің «бір адвокатпен басталып, мың адвокатпен аяқталған іс болды» деген видеомда, ел аузында таралған сөзімде жүр (жалғыз оның еңбегі емес деушілерге).

Үшіншіден, кешегі Талдықорғанда қаралып жатқан іс, ол Сайрагүлге босқын статусын алып беру туралы азаматтық іс, бұл істі де қозғаған (әуелі Алматы облысы, кейін Республикалық көші-кон комитеттеріне,

халықаралық ұйымдарға орысша, ағылшынша өтініштер, артынан сотқа талап арыз берген) мен. Себебі, Көші-кон комитеті біздің арыздарымызды қанағаттандырмады. Яғни, бұл алдыңғы қылмыстық істен басқа, азаматтық сот өндірісі.

Енді кешегі сот отырысында Сайрагүлдің «анкетаны толтырған Абзал Құспан, ол Талдықорғандағы алғашқы комиссия отырысына қатынаспады» — деген сөздерін сансаққа жүгіртіп жатқандарға орай түсіндіре кетейін;

Ия, анкетаны толтырған мен. Адвокаты мен толтырмағанда кім толтыруы керек? Не кириллицамен жаза алмайтын, не Қазақстанның заңдарын біле бермейтін Сайрагүл толтыруы керек пе? Одан соң ол анкета Сіз бен Біз толтырып жүрген бір-екі

беттік дүние емес, қалыңдығы кірпіштей болатын өте ауқымды дүние. Менің өзім оны толтыруға бір емес, бірнеше күнімді арнадым, себебі сұрақтар топтамасы өте көп болды.

Шындығында жауапкер, Алматы облысы көші-кон комитетінің өкілі Әсем деген қыз баланың сотта айтқаны «Сайрагүлдің анкетада көрсеткен мәліметтері оған босқын статусын беруге жеткілікті негіз болып табылмады», — деді. Яғни, не Әсем, не Сайрагүл Абзал Сайрагүлдің атынан анкетаны қате толтырыпты, жалған мәліметтер көрсетіпті деген жоқ!

Осы жерде түсінікті болуы үшін айта кетейін, қолданыстағы заңнамада әрі қалыптасқан тәжірибеде босқын адам шекарадан өтер алды өзін босқын

деп тануды сұрайды. Яғни, мәлімдеме шекарада тұрып жасалады, ал біздің жағдайда Сайрагүл шекарадан өткен соң екі ай шамасында «шекараны заңсыз кесіп өту» фактісі бойынша шекара қызметімен ұсталады. Одан кейін бүкіл Қазақстан шулап, артынан мен қамалғанына оншақты күн өткеннен кейін адвокат боламын. Бірақ, іске кіріспей, Сайрагүлді көрмей тұрып мен оған босқын статусын беру туралы арыз жазып тастаймын. Енді осы туралы анкетада сұрақ бар, «шекарада жасады ма мәлімдеме әлде кейін бе» деп келетін. Мен сол жерге өтірік жазып қоюым керек пе еді, сонда? Бірақ, комиссияға да, Үкімет атына да, халықаралық ұйымдарға да, хаттармен толықтырдым, онда тек анкетамен шектеліп қалмай қосымша мән-жайларды да ескеру қажеттігін сұрадым.

Комиссия отырысына алдын-ала ескертпей, аяқ-астынан шақыртты. Нәтижесінде, мен жетіп үлгері алмайтын болдым, звондаған адам «бәрібір

отказ бергелі жатыр», — деді. Ол рас. Мен сол комиссия отырысы болғанның артынан «Азаттыққа» сұхбат беріп, сол жерде бүкіл проблеманы елдің алдына жайып салғам, оның ішінде мені алдын-ала шақыртпағанын да басып айтқам. Сонда бұл жерде менің кінәм қандай? Сайрагүлдің құқығын бұзып отырған мен бе, комиссия ма?

Менің жалпы Сайрагүлге қатысты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазған хаттарым 100-ге жуықтайды екен, егер Сізге шынымен Сайрагүл мәселесі қызық болса немесе оның тағдырына алаңдасңыз, өсек-аяға ермей менің өзіме тікелей сұрақтар қоюларыңызды сұраймын. Басқа-басқа бірақ, Сайрагүлдің ісі бойынша мен ұялатын, мен қызаратын мәселе жоқ, оны кесіп айта аламын!

Енді сұрақ, Сайрагүлге босқын статусын бермегеніне билік те емес, Қытай да емес, басқа да емес Абзал Құспан кінәлі екен деген версия кімге тиімді? Қалай ойлайсыздар?

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҰЛЫҚТАУ ҰСЫНЫЛДЫ



Жасыратыны жоқ, қазақ тілінің біздегі қолданыс аясының тарлығы қоғамымызда әлі де алаңдаушылық тудырып отыр. Егеменді ел атанғанымызға ширек ғасырдан асып кетсе де мемлекеттік тіл ретінде оның қолданысы көңіл көншітпейді. «Ауру қалса да әдет қалмайды» - демекші, біз осы күнге дейін орыс тілінің орамынан шыға алмай келеміз. Қанша қаржы жұмсалып, қаншама күш салғанымызбен ойдағыдай нәтижеге қол жеткізбедік. Тіпті жоғары деңгейдегі жиналыстарда қатысушылардың тоқсан пайызы жергілікті ұлт өкілдері бола тұра басын қазақша бастап, отырыстың қалған тоқсан пайызы уақытын орысша өткіземіз. Бұл өте алаңдатарлық мәселе. Өкініштісі, өзге ұлт өкілдері емес, өзіміздің қазақтарымыз мемлекеттік тілде сөйлеуден қашақтап тұрады. Ал өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілді бір кісідей қолдап келеді. Маңызы мен мақсатын ескере отырып, Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінің бас редакторы, ҚХА мүшесі Атсалим Идиговтың мына бір бағалы үндеуін толықтай еш өзгеріссіз назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

Атсалим ИДИГОВ,
Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінің
бас редакторы, ҚХА мүшесі:

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҰЛЫҚТАУ АКЦИЯСЫН БАСТАУ КЕРЕК

Мен ұлттық мәдени орталықтардың құрылуының бас-қасында болған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, қасиетті туған жері мен халқын шексіз сүйетін нағыз патриот әрі өз елінің қазіргі ахуалы мен болашағына бей-жай қарамайтын адам ретінде қазақ тілін меңгермеген барлық қазақстандықтарға үндеу жолдағым келеді.

Әрі мұны мен оларды жазғыру, я кінәлау үшін емес, сөзімнің әрқайсысына жетіп, көпұлтты еліміздің бірігуі мен адамдар арасындағы өзара түсіністікті нығайтады деген үлкен сеніммен айтқым келіп отыр.

Тәуелсіздік алған 27 жыл ішінде елімізде мемлекеттік тілдің дамуы, оның қолдану өрісін кеңейту мен мәртебесін жоғарылатуда қыруар жұмыстар атқарылды. Қазақ тілін қолдау жөніндегі Президент қоры құрылды және ол бүгінде белсенді жұмыс істейді. Республикамыздың барлық аймақтарында қазақ тілін тегін оқытатын орталықтар бар. Бұл мәселеге Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев көп көңіл бөлуде. Қазіргі таңда Елбасы бастамасымен жақсы ойластырылған тіл саясаты жүзеге асырылуда. Қазақстандықтардың мүддесін ескере отыра, барлық жұмыс жүйелік және кезендік негізде жасалуы тиіс.

Осындай оңтайлы тәсілдер бүгінде нақты нәтижелер беруде. Қазіргі жағдайды 90-шы жылдардағы ахуалмен салыстыруға мүлде келмейді. Ол уақытта тұрғындардың 70 пайызы қазақ тілін білмесе, қазір осынша пайыз адам мемлекеттік тілді меңгерген. Мемлекеттік тіл өз мәртебесіне сай деңгейге ақырындап көтерілуде.

Дегенмен, қазақ тілін білмейтін немесе осы тілде сауатсыз сөйлейтін өскелең ұрпақтың жағдайы бізді алаңдатады. Мұның барлығы олардың бар уақытын ғаламторға арнап, ешкіммен жанды сөйлеспейтіндігінің әсерінен деп білемін. Егер осылай жалғаса беретін болса,

мұның соны рухани құлдырауға алып келуі мүмкін. Мұның себебін әркім алдымен өзінен іздеуі тиіс.

Үш тілділік туралы сөз қозғасақ, Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекеттік тілдің үш тілдің біреуі емес, өз мәртебесіне сай ерекше тіл, әрі біріктіруші және нығайтушы фактор екендігін үнемі айтып жүр.

Мен үнемі қазақы ортада жүремін. Ешбір адам ұлтым, я болмаса менің руым немесе тайпам туралы менен сұрамайды. Неліктен деп ойлайсыз? Себебі, мен барлығымен бір тілде сөйлесіп, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін, менталитетін, өмір сүру дағдысын жақсы білемін.

Бір жарым жыл бұрын Елбасы Қазақ тілін латын қарпіне көшіру туралы Жарлық қабылдады. Бұл мемлекет пен халықтың мүддесі үшін жасалған қадам. Мемлекеттік тілді білу – бұл біздің азаматтық және адами парызымыз. Бұл жайында Конституцияда жазылған.

Ең алдымен өз үндеуімді Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен этнооралықтардың басшыларына жолдаймын. Тәуелсіздік алған жылдар бойы біз тек өз ұлтымызға қатысты мәселелер, атап айтсам, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, мәдениетімізді жандандыру бойынша мәселелермен айналыстық. Мұны іске асыру үшін мемлекет бізге барлық жағдай жасап отыр. Тек моральдық жағынан ғана емес, сонымен қатар, материалдық көмекпен де қол ұшын созды. Осындай қамқорлықтың және Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында барлық 130 этнос өкілдері өз рухани құндылықтары мен ұлттық сәйкестіктерін сақтай алды. Дәл осы себептен біз өзімізді жайлы әрі бәрімен тең сезінеміз.

Алайда, бүгін басқаша жағдай орын алды. Менің ойымша, біздің қызметімізге бірқатар түзетулер енгізудің реті келген секілді. Қазіргі тілмен айтқанда



«қайта жүктелу» ісін бастау қажет. Бұл дегеніміз – өзіміздің ұлттық құндылықтарымызбен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, мәдениетін, менталитетін, өмір сүру дағдысы мен тарихын білуді қолға алу керек.

Басқа сөзбен айтқанда, өзіміздің «ұлттық ұяшығымыздан» шығып, ұлттық белгі бойынша ұстаным орнатудан бас тартуымыз қажет. Осылайша, біз қазақы ортаға сіңісіп, қазақ халқына тән барлық дүниені өзімізге жақын қабылдай аламыз. Өз ұлтымызға қатыстының барлығын дамытып, сақтауды жалғастыру керек, бірақ, қазақ халқына тән рухани құндылықтарды да танып-білгеніміз абзал. Қостілділік пен өзара мәдени келісім біздің көпұлтты қоғамды бұрынғыдан да біріктіре түседі деген сенімдемін.

Мынадай ұсыныс айтқым келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы «Мемлекеттік тілді ұлықтайық!» ұзақ мерзімді кең ауқымды акциясына бастама жасаса екен деймін. Акция шеңберінде қазақ тілді дәріптеп, тұрақты түрде дөңгелек үстелдер, семинарлар, ток-шоулар, байқаулар, оқулар ұйымдастырып, қазақ тілінің білгірлері мен тұрғындар арасында кездесулер өткізуге болады. Сонымен қатар, адамдарды тегін әрі жаппай үйрету мүмкіндігі туады. Басқа сөзбен айтқанда, бүгін бізге қажетті тілдік орта құру керек. Барлығымыз үшін басты мақсат – өз ойымыз бен мемлекеттік тілге деген көзқарасты өзгерту.

Байқап отырғандарыңыздай А.Идиговтың ойы орынды. Мемлекеттік тілді қолдап, бастама көтеругін лайықты бағалағанымыз жөн. Бағалап қана қоймай, ұлты мен діни нанымдарына қарамастан, әрбір қазақстандық осы бір іске өз үлесін қосып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

■ QANDASTAR QAMY

Алматыдағы Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қалалық қоғамдық келісім кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Жиында «Атамекеніе қайтқан қандастар мәселесі мен көші-қон саясаты» атты бүгіндер күн тәртібінен түспей отырған күрделі тақырып сөз болды.

АТАЖҰРТЫНА ОРАЛҒАН ҚАНДАСТАРЫМЫЗҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТІЛЕДІ

Отырысқа аталмыш кеңес хатшылығы жетекшісі Н.Балғымбаев, Алматы қаласы мәслихаты депутаты, қалалық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рахман Алшанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Нәбижан Мұхаметханұлы, қоғамдық кеңестің мүшесі Қазбек Шайх, жазушы Алмас Сақпаев, «Ерке Нұр» ЖШС директорының орынбасары Жамал Баймұханбетова, Алматы қаласы көші-қон полиция қызметкері, капитан Ернар Маханов сонымен бірге Өмірәлі Әділбек, Рахым Айыпұлы, Дина Белешова, Ботагөз Уатхан секілді бірқатар қоғам белсенділері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шетелден оралған қандастарымыздың мәселесі еліміз егемендік алысымен жіті қаралып, көптеген шаралар жүзеге асырылғаны белгілі. Нәтижесінде алыс-жақын шетелдерден миллионнан аса қандастарымыз атажұртына оралып, тұрақты мекен тапты. Сонау, 1991 жылдан бері кейбір деректер бойынша елімізге миллионнан аса этникалық қандастарымыз келсе солардың 80 пайызы Көші-қон комитетінің тізіміне еніп, тіркеуден өтіп, оралман мәртебесін алды. Ал қалғандары өз күшімен көшіп келгендер. Отанына оралған этникалық қазақтардың басым бөлігі Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған мемлекеттік көмектерге ие болды. Бүгінде елге оралған қандастарымыз Қазақстандағы жергілікті ұлттың шамамен 10 пайызын құрап отыр. Бұл көрсеткіш әрине еліміздің қазіргі таңдағы күрделі демографиялық ахуалына да оң әсерін тигізетіндігі сөзсіз. Сондай-ақ, олар ондаған жылдар бойы бөгде ортада өмір сүріп келгеннен кейін сол жергілікті ортаның мәдениет элементтерін сіндіруі де заңдылық. Бірақ тарихи Отанның жүздеген ондаған жылдар бойы сырт жүрсе де, өзінің ұлттық мәдениетін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып атадан балаға мирас етіп, этномәдени мұраларының қалпын бұзбай келе жатқан ұлттық нақыштағы дәстүріміз, өнеріміз қазақ мәдениетінің кейбір ұмыт бола бастаған тұстарын толықтырып, жандандыруда. Сондықтан, дәстүрлі мәдениетімізді таратушы қандастарымыздың ұлттық мұраларының сақталуы мен өзгерісін, тарихи Отанға қоныстану үдерісіндегі жергілікті ортаға бейімделу мәселелерін, олардың еліміздің саяси, әлеуметтік, мәдени дамуындағы ролін зерттеудің маңызы зор.

Қазақстанға келген оралмандардың 61 пайызы — Өзбекстаннан келгендер. Сондай-ақ, 14,2% — Қытайдан, 9,2% — Моңғолиядан, 6,8% — Түрікменстаннан, 4,6% — Ресейден және 3,6% — өзге елдерден оралған қандастарымыз.

Олардың басым бөлігі Түркістан, Алматы, Маңғыстау, Жамбыл облысына қоныстанды. Елге оралған қандастарымыздың 55,6% — еңбекке қабілетті жаста болса, 18 жасқа дейінгілері — 39,9%, зейнеткерлер — 4,5% құрайды.

Көші-қон жолы тақтайдай тегіс болды деп айта алмаймыз. Бұл ауқымды шараларды іске асыруда көптеген қиындықтар болды. Тұрақты тіркеу, оралман мәртебесі мен Қазақстан азаматтығын алу барысында бірқатар қиындықтар туындап, көпшіліктің талабымен заңдық тұрғыдан өзгертулер жасауға тура келді. Аталмыш мәселе әлденеше Қазақстан Республикасы Парламентінде қаралып, біршама жеңілдіктер жасалғанмен, қазір де тұрақты тақырып ретінде талқыланып келеді. Бұл туралы осы отырыста оралмандар мен көші-қон саясаты жөніндегі топтың жетекшісі Фарида Мерхамитқызы баяндама жасап, қаладағы осы бағыттағы жағдайды баяндап берді.

Одан кейін ортаға шығып сөз алғандар елге оралған қандастарымызға кездесіп отырған бірқатар проблемаларды ашық айтты. Әсіресе, көші-қон полициясы өкіліне сұрақтар жиі қойылды. Оралмандар жергілікті заңды жетік білмегендіктен қиындыққа тап болатыны баса айтылды. Тіркеу, оралман мәртебесі мен азаматтық алу бағытында заңдық кеңес беру қажеттілігі көрсетілді. Сол сияқты жұмысқа орналасу, білім, медициналық көмек алу тағы да басқа мәселелер көтерілді. Ернар Маханов қойылған сұрақтарға нақты жауап беріп, көші-қон полициясы тарапынан заң шеңберінде қолдан келер көмекті аянып қалмайтындарын білдірді. Жиналысқа қатысқан БАҚ өкілдері бұл шараны кеңінен насихаттап, бұқараны хабардар етіп отыру керектігін, әрбір 2-3 айда атқарылған жұмысты қорытындылауды еске салды. Мысалы, осы отырысқа бірде-бір телеарна шақырылмаған. Ал телеарналардың бұл жағынан мүмкіндігі мол. Ұйымдастырушылар бұл ескертуді назарға алып, алдағы уақытта олқылықтың орнын толтыруға уәде берді.

Айта кетуіміз керек, бұл арнайы жұмыс тобының алғашқы отырысы. Сондықтан, ұйымдастыру жағына баса назар аударылды. Топ жұмысына қоғам белсенділері, ғалымдар, қаладағы көптеген диаспора өкілдері мен студент қастар да тартылмақ. Алға қойған жоспар ауқымды, енді соны іске асыра білу керек, оған толық мүмкіндіктер де бар. Жиналысты Қазақстан халқы ассамблеясы қалалық қоғамдық келісім төрағасы Ахметжан Шардинов жүргізіп отырды.

Бек МЫРЗАҰЛЫ
Алматы қаласы

ӘЛЕМДЕ ТЕНДЕСІ

2008 жылғы 20
қазанда елдің Тұңғыш

Президенті елдің саяси жүйесінің

толыққанды субъектісі ретінде Қазақстан

халқы Ассамблеясын заңды түрде бекітетін

Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойды. Заң Қазақстан

Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске

асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге,

мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының

этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының

тиімділігін арттыруға бағытталған. Ассамблеяның мақсаты

– қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып,

қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық

және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық

азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты

қалыптастыру үдерісінде Қазақстан Республи-

касында этносаралық келісімді қамтамасыз

ету. Төменде сондай кейбір мәдени

орталықтар туралы ақпарат

ұсынылып отыр.

«ОЗАН»

1995-ші жылы Алматыда құрылған Әзірбайжан этномәдени бірлестігі – Қазақстандағы әзірбайжан этносының алғашқы ұйымы. Қазіргі таңда Қазақ еліндегі әзірбайжандардың саны 130 мыңнан асып жығылады.

2000 жылы мәдени орталық әзірбайжандардың «Тұран» Конгресіне айналды. Оны Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің мүшесі Абульфас Хамедов басқарды. Қоғамдық бірлестіктің атауы ескі түркі тілінен алынған. Кезінде ежелгі замандарда қазіргі Әзірбайжанның аумағын қамтыған Орта Азиядағы мемлекет осылай аталған еді.

Қазіргі уақытта әзірбайжандардың «Озан» этномәдени бірлестігінің қатарында 300-ге жуық адам бар. Олардың ішінде бірлестіктің мүшелері үшін белсенді әрі нәтижелі түрде қызмет етіп жүрген адамдар көптеп саналады.

Әзірбайжандардың этномәдени бірлестігінің басты мақсаттары – ұлттық дәстүрлерге қолдау көрсетіп, оларды дамыту, әзірбайжан халқының салт-дәстүрлерін сақтауға аталысу, тарихи Отаннан алыс жерде өз тілі мен мәдениетін дамытып, Қазақстан Республикасындағы әзірбайжан диаспорасының әлеуметтік жағынан қорғалмаған өкілдеріне жәрдем ету. Этномәдени бірлестіктің алға қойып шешіп жатқан басты тапсырмалары баршылық. Біріншіден, бұл ХХ ғасырдың екінші жартысында қолданыстан шыға бастаған олардың ана тілі – әзірбайжан тілінің қолданыс аясын кеңейту. Екіншіден, өздерінің арасында мемлекеттік қазақ тілінің қолданыс аясын ұлғайту. Әзірбайжандардың өздері мойындағандай, мемлекеттік тіліміз олардың Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі диаспорасының өкілдері тарапынан жеткілікті түрде игерілмеген. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін этномәдени бірлестіктің құрамында жексенбілік мектеп ашылған. Бұл мектепте әзірбайжан жастары мемлекеттік және ана тілі

бірлестіктердің жастарымен белсенді түрде тізе қосып қимылдап, тығыз қарым-қатыстарды ұстап келеді.

Белсенділер мен жастар қанатының жиналыстары және әдеби кештер жиі өткізіліп тұрады. Қазіргі таңда «Луйс» армян этномәдени бірлестігінің өзінің жеке ғимараты бар. Бірлестіктің құрылғанынан бері қаншама жыл бойы осы жерде мемлекеттік тіліміз бен армян тілін және армян этносының тарихын үйрететін жексенбілік мектеп қызмет атқарып келеді. Сонымен бірге бірлестіктің шығармашылық және өнер жағынан әлеуетін «Наири» би-хореографиялық ансамблі және даңғыра тартуды үйрететін музыкалық топ танытып жүр.

«Луйс» армян этномәдени бірлестігінің мақсаты – ұлтаралық қарым-қатынастарды нығайту мен Қазақстанның рухани жағынан бай болып келетін мәдениеті мен тарихына армян халқының ерекше құндылықтарын, оның дәстүрлері мен мәдениетін енгізу болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамасымен құрылған.

Елбасы Жарлығымен 1995 жылғы 1 наурызда «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы» этностық мәдени бірлестіктер формасындағы азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің әріптестік ұстанымын негізге алған елде этносаралық қатынастарды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган құрылған болатын.

«АРИАНА»

«Ариана» – Ауған этномәдени бірлестігі. Оның негізгі мақсаты – Қазақстанда тұрып жатқан ауған этносының өкілдерінің құндылықтары мен дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтау және дамыту.

Этномәдени бірлестігі Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына кіреді және бірлестік Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық жылында ұйымдастырылатын барлық іс-шараларға қатысады. «Ариана» бірлестігі ауған этномәдени бірлестігінің бағдарламалары мен жобалары: жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, этностың тұрмысы төмен өкілдеріне жәрдем көрсету, ауған этносы азаматтарының түрлі салалардағы мүдделерін қорғау, ауған этностық өкілдеріне зандық және құқықтық көмек көрсетіп, ауған тілдеріндегі құжаттамаларды мемлекеттік тіл мен орыс тіліне тегін аударып, симпозиумдар мен семинарларды, конференциялар мен дөңгелек үстелдерді, таныстыру рәсімдері мен көрмелерді ұйымдастыру.

«Ариана» ауған этномәдени бірлестігінің құрамында жексенбілік мектеп те бар. Бұл мектепте диаспораның өкілдерінің балалары ана тілін, ауған салттары мен дәстүрлерін, ауған мәдениетін үйренеді. Этномәдени бірлестіктің құрамында көркемөнерпаздар ұжымдары және спорттық секциялар ұйымдастырылған. Бірлестіктің құрамында жастар «қанаты» құрылған. «Жастар қанаты» тәжік, өзбек, қырғыз, татар және түрік этномәдени бірлестіктерінің жастар бөлімшелерімен тығыз байланыс жасап, бірге әрекет етеді. «Жастар қанаты» Қазақстан Республикасының этномәдени бірлестіктерінің жастар

ұйымдары көшбасшыларының үйлестіру кеңесімен бірігіп жұмыс істейді.

«БЕЛАРУСЬ»

1992 жылы бастамашыл топтың жиналысында ұйымның «Беларусь» – ұлттық мәдени бірлестігі деген атауы бекітіліп, бірлестік кеңесі сайланды. Бастамашыл топтың құрамына П.А.Атрушкевич, Е.П.Иванов, М.М.Каледич, Е.А.Юриков, В.Л.Гульникий, Е.А.Мойсейчик, Л.Н.Питаленко, А.Ф.Цеховой, Л.И.Подольский, П.А.Жукович және басқалары кірді.

Қазақстандағы белорустардың бірінші қоғамдық бірлестігінің қызметі республикада өмір сүріп жатқан этникалық белорустар туралы мәлімет жинаудан басталды. Бұл мақсатта баспасөз құралдарында бірлестік туралы мәлімет басылып, кездесулер өтетін уақыт пен орны белгіленді. Уақыт өте Орталықтың аты шығып, жерлестер құрамы кеңейіп, Қазақстан мен Белоруссиядағы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, Қазақстан Республикасындағы Беларусь Республикасының елшілігімен байланыс орнатылды. Орнатылған байланыстардың арқасында тілек білдірушілер құқық, жұмысқа орналасу, кіші бизнесті ұйымдастыру, білім мәселелері бойынша көмек алуға мүмкіндік жасалды.

1995 жылы «Беларусь» этномәдени бірлестігі Қазақстан халқы Ассамблеясына кірді.

«САЯНЫ»

«Саяны» бурят этномәдени бірлестігінің негізгі мақсаты – бурят тілін сақтау, бурят этносының салттары мен дәстүрлерін дамыту. Бурят этномәдени бірлестігі өзінің қызметімен Қазақстанның мемлекеттік ұлттық-мәдени саясатын жүзеге асыруға және Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен келісімді нығайтуға қолдау көрсетеді.

«Саяны» бурят этномәдени бірлестігі Қазақстан Республикасы мен Бурят Республикасының арасындағы мәдени және ұлттық байланыстарды нығайтуға, Байкал көліндегі туристік байланыстарды дамытуға атсалысады. Сонымен қатар Қазақстан мен Бурят республикасының арасындағы мәдени-ақпараттық алмасуларды жүзеге асыру бойынша жұмыстар да жүргізіліп келеді. Буряттар туралы сюжеттер мен фильмдер түсіріліп, газеттер мен журналдарда басылымдар шығып отырады.

«Саяны» этномәдени бірлестігінің мүшелері – қазіргі кезде Алматы қаласында тұрып жатқан Бурятия Республикасының, Иркутск облысының Күнгей Байкал өлкесінің тумалары.

Бурят этномәдени бірлестігінің жоспарларын жүзеге асыруда оған Ұлы Отан соғысының



ЖОҚ ҰЙЫМ

***2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы», оның қызметін нормативті-құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін Заңы қабылданды. 2011 жылы 7-қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен №149 Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Ереже бекітілді.**

ардагері Цыден Сосорбармаев, әскери медициналық қызметтің полковнигі Петр Дмитриев, өндірістік жобалардың сәулетшісі Дора Ишанова, дәрігер Людмила Ахметжанова, педагогтар Галина Есболғанова және Цыжидма Хван белсенді түрде көмектесіп отырды. Әсіресе, Цыжидма Хван бурят этномәдени бірлестігінің жастарына ана тілін үйретіп, бурят



ұлттық салт-дәстүрлерімен таныстыруда көп еңбек сіңірді.

«Саяны» бурят этномәдени бірлестігінің де жастар қанаты жұмыс істейді. Оның мүшелері халықаралық бурят фестивалдеріне бірнеше мәрте қатысты.

Сондай-ақ, бурят этномәдени бірлестігі Қазақстан халқы Ассамблеясының концерттік бағдарламаларына да белсене қатысып отырады.

МАДИЯРЛАР

Алматы қаласының Венгр этномәдени бірлестігі — Алматы қаласында тұрып жатқан венгр ұлтының және венгр мәдениетіне қызығушылық білдіруші басқа ұлттардың өкілдерін ерікті түрде біріктіріп отыр. Этномәдени орталық өз халқының тарихы мен мәдениетіне жақын болғысы келген, бірақ тағдырдың тәлкегі мен кездейсоқ жағдайларға байланысты өзінің тарихи Отанынан мыңдаған шақырым жырақта — біздің елімізде тұрып жатқан этникалық венгрлерге арналған.

Бірлестіктің мүшелері венгр ұлттық мәдениетінің жаңғыртылуы мен дамытылуына, венгр халқының салттары мен дәстүрлерінің сақталуына атсалысады.

Бұл этномәдени бірлестікті ұлттық тұрғыдан өзін-өзі тануға ғана емес, сонымен бірге барлық қазақстандықтарға венгрлер туралы мәлімдеп беруге

құлшынаттын адамдар құрғаны түсінікті. Өйткені, баяғы СССР аумағындағы венгр этносы туралы ақпарат жоқтың қасында болғандықтан, біздің елімізде бұл халық туралы білетіндер әлі де аз.

Орталықтың міндеттері мен мақсаттары көп түрлі болғанымен де, бір мүддеге бағынады. Яғни, бірлестіктің басты мақсаты — Қазақстан мен Венгрияның ғылым, мәдениет, экономика және білім салаларындағы достық қарым-қатынастарын нығайту.

Бұның бәрі Қазақстан Республикасындағы Венгрияның елшілігі арқылы байланыстарды орнатусыз мүмкін болмас еді. Қазақстандағы Венгр Халық Республикасының елшілері: Торма Иожефпен, Шандор Шимичпен, Яцкович Миклошпен, Янош Немет-

пен, Балла Яношпен, сондай-ақ Имре Ласлоцкимен және елшілік пен консулдың басқа да қызметкерлерімен танысулар мен кездесулер әрқашан өте жылы шыраймен өзара түсінісушілікпен тұрақты түрде өтіп тұрды.

Одан соң венгр ағайындарды Қазақ елі ежелден «өзіміздің қандастарымыз, біздің мадиярлар» деп өте жақын тұтатыны көп жағдайды аңғартса керек.

«ЭОС»

Алматы қаласы Грек ұлттық мәдени орталығының 1989 жылы болған Құрылтайшылық жиналысына үш жүзге тарта адам қатысты. Бұл жиналыста Георгий Георгиевич Адамовтың басшылығымен ұйымдастыру комитетіне үміткерлер туралы мәселе талқыланды.

Бұл тізімге: Федор Барзали, Валерий Такмазов, Юрий Калаиджиди, Лаки Кесоғлу, Фемистокл Параскевопуло, Спиридон Космериди, Валерий Констаниди, Панаёт Хрисохоиди, Павел Федороиди, Марклен Чатулов, Янис Калаиджиди және Эдуард Сивриди кірді.

Құрылтайшылық жиналыстың №10-шы хаттамасының негізінде Халық депутаттарының Алматы қаласы кеңесі атқару комитетінің 1989 жылдың 21-ші маусымындағы Алматы қаласының «Эос» грек мәдени

орталығының тіркелуі туралы № 8/240 шешімі қабылданды.

«Эос» орталығының атауы грек мифологиясынан алынған. «Таңғы арайдың әйел құдайы» деген мағынаны білдіреді. Грек этномәдени бірлестігі Алматы қаласының гректерін демократиялық өзгерістер процестері мен қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде қатыстыру үшін құрылған.

Бірлестік мәдени-ағарту қызметімен, ұлттық өзіндік сананы, тіл мен мәдениетті дамытуға, Қазақстан Республикасының аумағында тұрып жатқан гректердің салттары мен дәстүрлерін сақтаумен айналысады. «Эос» грек этномәдени бірлестігі республикамыздың басқа аймақтары мен шет елдердегі грек қоғамдары мен орталықтарымен және Алматы қаласындағы басқа этномәдени бірлестіктермен өзара бірлік пен қызметтестікті дамытып келеді.

Грек орталығының этномәдени бірлестігінің қызметі Қазақстан Республикасының ұлттары мен халықтарының ұлттық мәдениеттерінің өзара

Әрбір облыс орталығында және Астана мен Алматы қалаларында облыстық (қалалық) Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмыс істейді. Аймақтардағы Ассамблеялар этномәдени орталықтардың қызметтерін және түрлі этностардың рухани-мәдени дамуына мүмкіндік жасайды. Республикада 321 этномәдени бірлестік жұмыс істейді.

бір-бірін байытуға бағытталған. Қазақстандағы грек этностарының отбасыларында әлі күнге шейін ұлттық салт-дәстүрлер мен рәсімдер сақталып келеді. Сонымен бірге гректердің отбасыларында ата-ана мен қарт адамдарға құрмет көрсету де бар.

«ТБИЛИСИ»

«Грузин этномәдени бірлестігі ҚБ» Алматы қаласында тұрып жатқан грузин диаспорасын біріктіру үшін құрылған. Сол кездегі Алматы қаласындағы грузин диаспорасының ұзын саны шамамен 200-дей отбасы еді. Алғашқы менгерушісі республикада атакты болған дәрігер-

онколог Нина Чичуа болды. Кейін оны Тимур Гоголадзе мен Бадри Баканидзе, Тариэл Гахария басқарды.

Қазіргі таңда бірлестік мүшелерінің қатарында халықтың түрлі топтарының өкілдері бар. Олар кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер, жұмысшылар, зейнеткерлер мен жастар.

Бірлестіктің белсенді мүшелері ұлтаралық келсім мен татулықты нығайтуға арналған және барша қазақстандықтарды грузин халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруға арналған түрлі іс-шараларды сәттілікпен өткізіп келеді.

Грузин этномәдени бірлестігінде түрлі ұлттардан шыққан бозбалалар мен бойжеткендерді біріктіріп отырған «Тбилиси» атты би және ән ансамблі қызмет етеді. Сонымен бірге орталықта ұлты мен жасына қарамастан түрлі халық өкілдерінің, оның ішінде грузиндер мен қазақтардың, ингуштардың грузин халқының тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрлерін үйреніп жүрген жексенбілік мектеп те бар. Ал «Достық» үйінің қарамағында мемлекеттік тілдің курстары жұмыс істейді. Бұл курстарға грузин ұлтының өкілдерімен бірге қаладағы басқа да этномәдени бірлестіктердің өкілдері де қуана-қуана барып жүр.

Грузин этномәдени бірлестігінің жастар қанаты әуақытта болып тұратын барлық салтанатты әрі мәдени іс-шараларға белсене қатысып тұрады. Қазақстан халқы Ассамблеясының маңындағы «Жарасым» жастар ұйымы қызметінің аясында ортақ флэш-мобтар мен концерттер өткізіліп келеді.

Этномәдени бірлестік Алматы қаласы билігінің атқарушы органдарымен бірге көші-қон саясаты мен Қазақстан аумағында жүрген Грузия азаматтығын алған грузиндердің құқығын қорғау жұмыстарын да атқарады.

«ШИНСЫН»

Алматы қаласының Дүнген этномәдени бірлестігі Қазақстанның Тәуелсіздігі қарсаңында құрылды. Оны дүнгеннің аға буынының белсенді ардагерлері

құрды. Олар тілшілер мен музыканттардан, мұғалімдер мен жазушылардан және ғылым қайраткерлерінен құралған дүнген зиялылары еді.

«Шинсын» Дүнген этномәдени бірлестігінің негізгі мақсаттары — дүнген халқының ерекше салт-дәстүрлері мен мәдениетін сақтап қалу, ана тілін қайта жаңғыртып дамыту, жастармен арадағы тәрбие жұмыстарын жалғастыру, білімді дамыту, дүнген халқының әлеуметтік белсенділігін арттыру.

Сонымен бірге бірлестік еліміздің мемлекеттік және басқа құрылымдарда дүнген халқының мүдделеріне өкілдік етеді. Этномәдени бірлестік Қырғызстанның, Өзбекстанның және Қытай Халық Республикасының дүнгендерімен тығыз қарым-қатынасты жалғастырып келеді.

Алғашқы ұйымдастыру іс-шаралары тілші С.Янлосының бастамасымен жасалды. 1989 жылдың 27-тамыз күні дүнген этносының жиналысында Дүнген этномәдени бірлестігінің Бағдарламасы мен Жарғысының жобасы мақұлданып қабылданды. Сол жылдың 12-қарашасында Дүнген этномәдени бірлестігінің 1-ші құрылтай конференциясы болды. Конференцияда сөз сөйлегендер дүнген этносының өзекті проблемалары мен оларды шешу жолдарын тілге тиек етіп, талқыға салды. Дүнген этносының даму проблемалары туралы ғалымдар, педагогтар, өнер қайраткерлері, түрлі мекемелердің өкілдері, соғыс ардагерлері өз ой-пікірлерін айтты. Композитор Бакир Яхинович Баяхунов орталықтың алғашқы төрағасы болып сайланды.

Қысқа уақыттың ішінде Алматы қаласы мен Алматы және Жамбыл облысының елді-мекендерінде аумақтық кеңестер құрылды. Ақырында Қазақстан Дүнгендерінің қауымдастығы құрылды. Қауымдастықтың орналасу орны Жамбыл облысының Қордай ауданы болды.

Қазақстан Халқы Ассамблеясы тақырыбы бойынша беттің материалдарын әзірлеген:
Қ.САФАТҰЛЫ,
Г.БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
А.АХМЕТ



Ерлан САИРОВ:

КТО

реальный кандидат на выборах, или что мы ждем от новой власти



НАДО ПОМЕНИТЬ ЗАКОН «О ВЫБОРАХ»

— Что актуально в данное время для общества?

— Общество и граждане должны научиться выдвигать и отстаивать свои приоритеты и права. Способность объединяться для этих целей является приоритетом номер один. Закон должен соответствовать праву. У нас большинство законов не соответствуют международному праву и стандартам. Я предлагаю создать группу для подробного изучения этого вопроса. Кто хочет работать, двери открыты.

Актуально: до выборов поменять закон «О выборах». В соответствии с этим законом кандидаты в президенты РК могут выдвигать только политические партии. Это грубое нарушение прав и свобод человека. Самовыдвиженцам путь заказан. Следует вернуть мажоритарную систему. С введением пропорциональной системы общество потеряло контроль за общественными процессами, депутаты отчитываются не перед избирателями, а перед серыми партийными бонзами. И депутаты, и предстоящий президент страны должны чувствовать ответственность перед населением.

Восстановление конституционной нормы власти народа — главная задача текущего момента. Т.е. вопрос стоит о легитимности предстоящих выборов. Предлагаю этот вопрос обсудить более детально.

ТАСМАГАМБЕТОВ СПОСОБЕН СОСТАВИТЬ РЕАЛЬНУЮ АЛЬТЕРНАТИВУ

— Кто будет реальным кандидатом от властей на выборах?

— Думаю, президентские выборы не за горами и произойдут быстрее, чем мы думаем. Несмотря на всякие конспирологические прогнозы, никаких драматических

«У нас зарождается новая эпоха. В этой жизни столько правителей искали эликсир вечности, ни один не смог победить время. Время, которое тикает быстрее, чем секунда. Так и жизнь тикает быстрее времени, просто мы это не способны ощущать физически. Изменения неумолимы и они у нас тоже происходят. Вопрос, как они произойдут? Мирно, эволюционно или с какими-то надрывами и эксцессами? Этот аспект уже зависит от многих, в том числе и от нас». Так рассуждает Ерлан Саïров, общественный деятель, заместитель председателя Федерации профсоюзов РК о политической ситуации в Казахстане. Мы побеседовали о том, что ждать нам в переломный период.

эксцессов не будет. Можно предположить, что К. Токаев и есть реальный кандидат от властей. Всякие другие варианты не соответствуют текущему моменту. Видимо, по данному вопросу у «элит» есть консолидированное мнение.

Сам К. Токаев своими решениями показывает, что он самостоятельный политический игрок и умеет задавать тон. Его активная деятельность в социальных сетях является сигналом для граждан, что он знает все проблемы в обществе и намерен их решать. Так и акимы разных уровней активизировались в сетях — это тоже веяние времени, свежий ветерок.

— Есть ли кроме Токаева весомая политическая фигура?

— Да, существуют и риски: контроллит может объединиться и выставить своего кандидата. Но мы должны понимать, что в стране туго с «политическими личностями», и за короткую дистанцию раскрутить новых людей не реально. И. Тасмагамбетов — фигура, способная составить реальную альтернативу любому сценарию. Как он будет действовать, пока не известно.

Одной из задач визита в Москву, возможно, является разговор с глазу на глаз между К. Токаевым и И. Тасмагамбетовым, может, будет найден определенный компромисс. Других реальных групп влияния, которые могли бы составить альтернативное видение политических процессов, пока нет. Это грустно: для полноценного баланса в политике должны быть не менее 5 различных групп стратегий развития и политического влияния. Это и называется плюрализмом мнений.

— Какие ожидания общества от правления К. Токаева?

— Пока, ситуативно, все козыри у действующей власти или группы, которая занимается транзитом власти. Не имея подлинного народного мандата, страной руководить сложно, также внешним партнерам страны следует дать определенные месседжи по внеш-

ней политике, инвестиционному климату, выбору различных приоритетов. Экономические индексы страны следует наращивать, а при временном правительстве достичь этих целей просто невозможно. Особых интриг ждать не следует.

Выборы, скорее всего, пройдут по действующему закону «О выборах», т.е. будет ограниченный круг кандидатов. Решение множества вопросов внутриэлитных процессов, создание новых механизмов сдержек и противовесов оставят на потом.

Так что политическую модернизацию, либерализацию системы, изменения в парламенте в «повестку дня» можно включить после проведения президентских выборов. Главное ожидание от правления К. Токаева — либерализация общественных процессов, восстановление основных положений Конституции РК. У нас законы и нормативные акты, которые должны соответствовать Конституции РК, во многом противоречат самой Конституции. Следует создать баланс между правами граждан и «стабильностью» государства. Этот баланс является источником благополучия государства в будущем.

СЛЕДУЕТ ВЫРАВНЯТЬ СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ В РЕГИОНАХ

— Какие социальные проблемы накануне «перехода»?

— Хотел бы обратить внимание на следующих проблемах социального развития.

1. Согласно официальной статистике Всемирного банка, количество бедных в РК достигло 2,5 млн. человек или 14% от всего населения. При этом к «бедным людям» аналитики банка относят людей, ежедневный доход которых составляет 5 и менее долларов по паритету покупательной способности. Согласно курсу доллара, бедным считается тот, кто сумеет протянуть на 50-51 тысяч тенге в месяц.

В Казахстане порог бедности составляет 326 тенге в день, что является меньше 1 доллара. Это равно определению абсолютной бедности ООН (1 доллар в день) и почти вдвое меньше показателя Всемирного банка (1,9 доллара).

Т.е., в Казахстане «крайняя бедность» еще более крайняя. Согласно мировой практике, государственная помощь имеет намного больше результативности в борьбе с бедностью, когда она выражается в реформировании трудовой сферы с целью предоставления малообеспеченным гражданам рабочих мест. Создание большего числа рабочих мест более высокого качества — это, конечно, серьезный вызов для новых властей.

2. У нас социальная обстановка характеризуется анклавным развитием. Например, Нур-Султан и Алматы представляют собой средневропейские города, в то время как остальные регионы остались на уровне развития середины XX века. Эти анклавы, несомненно, облегчают задачи модернизации, но они и усиливают социальную несправедливость. Анклавная догоняющая модернизация, с одной стороны, ломает традицию, с другой стороны, ставит общество перед отсутствием духовной перспективы. Следует выравнивать социальное положение во всех регионах страны.

МЫ ЖДЕМ ОБНОВЛЕНИЯ И ПЕРЕМЕН

— Как оцениваете назначения президента на ключевые посты?

— Акорда задает политический ритм. Чувствуется, что там жарко. Ибо в эти дни создается основа политического процесса на долгосрочный период. Для меня важным является, увидим ли сигналы либерализации общественно-политического пространства, каким тактическим простором будут владеть граждане, каков будет принцип диалога граждан и властей.

На конституционную должность Государственного секретаря назначен М. Тажин. Это знаковое назначение. М. Тажин является вдохновителем таких ценностей, как модернизация сознания, осмысление истории и современности, духовный мир и разум нации. Мы должны быть способными моделировать наше будущее с точки зрения историзма. На многие вопросы современного бытия ответы лежат в исторической плоскости. Это

назначение говорит о преемственности курса на духовное обновление нации, основанное на глубоких исторических корнях, а также магистральном пути «почвенничества».

М. Тажин является почвенником, пытается создать новую эпоху «просвещенного казахского почвенничества», основанного на историческом фундаменте, направленного на создание нового национального социума, опирающегося на духовные корни и современные социальные течения. Он также является либерально мыслящей личностью. Либерализм как течение может войти в «повестку дня» этой команды. Возможно, создание «новой модели» демократии по-казахстански. Индекс демократии в стране следует повышать.

Обновление и перемены — вот коллективный запрос общества. Это веление времени. Есть надежда и вера, что так и случится. Б. Сагинтаев во время премьерства выделялся деликатностью, обходительностью, он умеет уважать и ценить позицию других.

— Будет ли меняться институт президентства?

— Как будет реализоваться институт президентства К. Токаева, зависит от грамотной работы в идеологической сфере. Впереди сложный процесс создания новых принципов, взглядов, правил и убеждений. Нового мировоззрения у управленческого аппарата, перезагрузки работы правительства и парламента. Парламент страны должен быть способным эффективно работать в новых условиях.

Можно предположить, что М. Тажин и Б. Сагинтаев займутся этими непростыми вопросами. Этот процесс можно обозначить как строительство нового этапа развития республики.

Также придется вести большую работу внутри элиты и контроллиты. Нужны полноценные модераторы этого процесса — на них особая «миссия», новый мандат. Это почетно, ответственно. Я желаю, чтобы работа началась с либерализации общественного процесса, чтобы эти шаги были ознаменованы совместным движением в сфере справедливости и способствовали повышению сопричастности и солидарности общества, граждан и властей.

— Ваши пожелания.

— Мы нуждаемся в обновлении, в переосмыслении настоящего и будущего. Мы должны научиться критическому мышлению. Мы испытывали дефицит справедливости. У нас забрали воздух, дышать было нечем, везде он был испорчен. Протекционизм следует демонтировать с корнями и навсегда. Парламент должен быть народным, быть трибуной граждан, а не машиной для голосования. Правительство должно быть структурой, которая работает ради граждан. Нам надо определить некий моральный кодекс, какими качествами должен быть наделен человек, чтобы мог нести почетную и ответственную миссию, быть выразителем коллективного разума.

Мы должны добиваться выхода новых лиц, которые в парламенте, в правительстве смогут отстаивать интересы общества и граждан. Новые времена требуют новых подходов и ценностей в общественной сфере.

— Большое спасибо за интервью!

Отношения между Россией и Казахстаном в официальной хронике нередко определяются эпитетом «образцовые». Насколько адекватна подобная характеристика в «народном» восприятии? Какие проблемные аспекты и актуальные тенденции существуют в сфере информационного и межкультурного взаимодействия двух государств?

Вышеперечисленные вопросы обсуждали участники круглого стола «Информационное присутствие Казахстана в России – образ России в Казахстане», который недавно состоялся на площадке исторического факультета МГУ им. М. В. Ломоносова (Москва). Об этом сообщает 365info.kz.

Круглый стол прошел под эгидой межстранового проекта «Қазақстан орысша», цель которого – расширение сотрудничества между Россией и Казахстаном в гуманитарной, информационной и культурной сферах.

В рамках проекта, инициатором которого выступил Информационно-аналитический центр МГУ им. М. В. Ломоносова, состоялся пресс-тур в Москву молодых казахстанских журналистов и блогеров.

Программа их пребывания в российской столице изобилует мероприятиями и предполагала также обмен мнениями с российскими экспертами, учеными и журналистами, специализирующимися на изучении Казахстана.



ПОЧЕМУ РОССИИЯНЕ ДОЛЖНЫ ИЗУЧАТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

стана, более подробно остановился на трендах, определяющих ее развитие.

Он подтвердил изменения, имеющие место не только в редакционной политике конкретных казахстанских изданий, но и в целом в государственной информационной политике, обусловленные увеличением численности представителей государствообразующей нации и усилением позиций казахского языка.

Также Кенжебек отметил различия в контенте русскоязычных и казахскоязычных масс-медиа, связанные с ментальными и возрастными особенностями разных аудиторий. В частности, отмечалось, что казахскоязычные СМИ в большей степени сосредоточены на темах поиска национальной идентичности, места казахов в мировой истории и цивилизации, защиты языка, религии и традиционных ценностей. Тогда как русскоязычный контент акцентирует внимание на проблемах экономики, экологии, городской среды и пр.

Разность среднего возраста аудиторий создает разные картины мира и разные запросы. Отсюда возникает ощущение, что мы – граждане одной страны – живем в параллельных мирах, – констатировал О. Кенжебек.

Касаясь вопроса формирования образа России в казахстанских СМИ, он отметил превалирование «хайповых» новостей в контенте, которые в малой степени способствуют позитивному восприятию образа страны-соседа и партнера в казахстанском социуме.

С учетом этих тенденций актуальная задача для российских и казахстанских коллег – стремиться лучше и больше узнавать друг о друге. Надеюсь, наш взаимный интерес не будет ограничиваться «хайповыми» новостями, – резюмировал блогер.

РОССИЯНЕ ДОЛЖНЫ ИЗУЧАТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Важную роль в обеспечении эффективного информационного и социокультурного взаимодействия государств в долгосрочной

перспективе призваны играть академические субъекты – крупные образовательные и научно-исследовательские центры.

Отрадно, что в академических кругах России присутствует понимание актуальности вопроса. Об этом заявил заведующий кафедрой истории стран ближнего зарубежья исторического факультета МГУ, член-корреспондент РАН, профессор Ефим Пивовар.

– Казахстан для России традиционно не только надежный партнер, но и добрый ближайший сосед. Многие сферы в жизни и деятельности представителей наших народов тесно переплетены. Для укрепления этих отношений в будущем мы, конечно, должны с уважением и пониманием относиться к тем изменениям, которые происходят сейчас в казахстанском социуме, в информационном, образовательном и культурном пространстве республики.

И конечно, уже сейчас готовить кадры, обладающие необходимыми компетенциями для поддержания высокого уровня сотрудничества во всех сферах. В моем понимании профессиональный специалист по стране – неважно, политолог, культуролог или журналист – должен знать не только историю, традиции, но и язык страны изучения.

Конечно, ориентированные на такую деятельность россияне должны изучать казахский язык, в том числе осваивать его в латинской интерпретации, что актуально уже сегодня. Но, признаюсь честно, найти хорошего преподавателя казахского языка в Москве – большая проблема. Равно как и набрать группу студентов хотя бы из нескольких вузов, чтобы обеспечить изучение казахского языка на специализированных кафедрах.

Полагаю, посольство Казахстана должно проявлять большую активность в этом вопросе. Ведь прежде всего Казахстан заинтересован в том, чтобы культурное наследие страны было доступно и достойно представлено здесь, в России, – считает профессор.

Одновременно, отмечали участники диалога, актуальная задача для российской стороны –

сохранение русскоязычного пространства в Казахстане.

Не только потому что русский язык – язык общения на постсоветском пространстве. Это еще и один из мировых языков, в котором воплощены многие достижения науки и культуры глобального значения, а также многие свидетельства общего исторического наследия народов ныне независимых государств.

ДЕФИЦИТ ЗНАНИЙ О КАЗАХСТАНЕ

Профессор Российского государственного гуманитарного университета (РГГУ) Людмила Адилова, представив подробный анализ восприятия гражданами двух государств образов друг друга, констатировала, что имидж Казахстана в России во многом «персонифицирован».

В более приземленном «эшелоне», на уровне рядовых граждан, увы, очевиден дефицит адекватных знаний о стране-соседе. В подтверждение этого Адилова продемонстрировала итоги «ассоциативной визуализации» образов России и Казахстана в восприятии студентов РГГУ.

Результаты исследования – повод для серьезного анализа. Так, внешний образ России, традиционно базирующийся на стереотипах «Кремль», «водка», «матрешка», в последнее время дополнился элементами «недружественности и агрессии» в восприятии иностранных студентов.

А в восприятии Казахстана российскими студентами обнаружилось немало лакун: некоторые респонденты изобразили «казахский народ» в виде всадника на коне, но... в кавказской бурке и папахе.

– Что такое образ? Это искусственно формируемый информационный продукт, основанный в первую очередь на социальных представлениях и сложившихся стереотипах. А они сегодня меняются под воздействием «фейковых» новостей и вбросов, навязывающих иную информационную повестку.

Если прежние стереотипы культивировали позитивные образы наших стран, сегодня технологии

формирования восприятия, которые используются для продвижения интересов определенных групп, в том числе геополитических акторов извне, формируют иные образы. Образы враждебности. Это системная работа, цель которой – провоцирование непонимания, размежевания и отчуждения, – считает эксперт.

НЕПОНЯТНА «ЗАКРЫТОСТЬ» КАЗАХСТАНА

К слову, фактор «личных ощущений» и важность его в журналистской деятельности отметил и руководитель Отдела национальных проектов Радик Амиров.

Высказав мнение о недостаточном эффективном использовании ресурса «мягкой силы» Казахстана в России, журналист подчеркнул,

что интерес представителей масс-медиа к стране стимулируется через конкретные инициативы.

– На моей памяти пресс-туров для российских журналистов в Казахстан не было ни разу. Хотя они проводятся в Таджикистан и Туркменистан, очень активно в этом направлении работает Азербайджан. На этом фоне «закрытость» Казахстана непонятна.

Уверен, многим было бы интересно побывать в этой полиэтничной стране, где перемешаны культуры многих народов. Но складывается ощущение, что на уровне дипломатических структур четкой программы продвижения такого информационного и культурного влияния нет, – считает Амиров.

МНОГОГРАННАЯ ЗАДАЧА

В контексте сказанного участники диалога позитивно оценили инициативу ИАЦ МГУ и высказались за продвижение и расширение формата проекта «Қазақстан орысша».

Подводя итоги дискуссии, это отметила модератор мероприятия, директор ИАЦ МГУ Дарья Чижова.

– Дискуссия еще раз подтвердила, что формирование позитивных образов России и Казахстана в сообществах двух государств – задача многогранная, своевременная и актуальная в нынешних условиях. И особенно на перспективу, если мы говорим об ожидаемых эффектах в пользу долгосрочного и устойчивого партнерства.

Для решения этой задачи необходимы усилия не только медиа сообществ, но и четкая программа действий, объединяющая потенциал органов государственной власти, дипломатических структур, академических кругов и НПО двух государств.

Надеемся, что проект «Қазақстан орысша» даст импульс такому взаимодействию, «оживит» и наполнит практическим содержанием движение навстречу друг другу, – заключила Д. Чижова.

Евгения СКАЛЕЙ
(в сокращении)

ЦЕННОСТЬ ПРОЕКТА «ҚАЗАҚСТАН ОРЫСША»

В повестке дискуссии особый интерес для российской стороны представляла информация «из первых уст» – мнения казахстанских коллег о современных тенденциях, определяющих развитие национальной медиасферы в целом и ее развитие относительно России в частности.

По этому поводу казахстанский публицист Жанар Тулиндинова озвучила концептуальный посыл: сегодня изучение общественно-политических процессов, происходящих в Казахстане, невозможно без исследований контента казахскоязычного сегмента медиаполя.

И если еще 10 лет назад для понимания этих процессов достаточно было мониторить русскоязычные СМИ Казахстана, отслеживая публикации экспертов и журналистов, теперь без учета позиций казахскоязычных лидеров мнений картина будет далеко не полной.

– В связи с этим идея привлечь к участию двусторонних диалоговых площадок представителей масс-медиа, активно работающих в казахскоязычном сегменте, пишущих в основном на казахском языке, видится своевременной и перспективной. В этом безусловная ценность уникального проекта «Қазақстан орысша», – считает Ж. Тулиндинова.

ОСОБЕННОСТИ ИНФОРМАЦИОННОЙ СРЕДЫ КАЗАХСТАНА

В развитие темы руководитель службы специальных проектов агентства «Хабар», казахстанский блогер Оркен Кенжебек, характеризуя особенности «национальной информационной среды» Казах-

Дулат ИСАБЕКОВ:

МЫСЛЬ ГЕРОЯ ДОЛЖНА БЫТЬ ВЫШЕ МЫСЛИ ЧИТАТЕЛЯ

Дулат Исабеков – один из немногих казахстанских писателей, которых можно отнести к числу классиков отечественной литературы. Erkindik.kz побеседовал с мэтром о нелегком писательском труде, книжной силе и современной интеллигенции.

«МАТЕМАТИКА И ЛИТЕРАТУРА СХОЖИ ПО СУТИ»

– Вы однажды заметили, что писательство – самая сложная в мире работа, но так и не объяснили суть столь громкого заявления. Так в чем заключается трудность литературного творчества?

– Дело в том, что в лексиконе писателя нет и не может быть слова «не знаю». Поэтому еще раз могу повторить, что самый тяжелый труд в мире это писательство. Писатель обязан знать все, в том числе науку – органическую химию, физику, астрономию. Писатель должен иметь представление о главных научных открытиях таких гениев, как химик Александр Бутлеров, естествоиспытатель Михаил Ломоносов, или какую революцию совершил в области математики Николай Лобачевский. Не имея таких знаний, кругозора, разносторонности, как можно стать писателем?

– Но какое отношение имеют к писательскому мастерству перечисленные вами ученые?

– Математика и литература схожи по сути. Два этих направления выкристаллизовываются путем мышления, фантазии. Сейчас очень популярен российский математик Григорий Перельман. Но его частная жизнь для всех инкогнито. Он не дает интервью журналистам, не женат, живет вместе с матерью за счет ее маленькой пенсии. Перельман отказался от самой престижной в мире математической премии Филдса и не взял премию в размере 1 млн долларов института Клэя за решение проблемы тысячелетия – гипотезы Пуанкаре. Сделал он это принципиально, исходя из своих нравственных взглядов. Хотя, по сути, открытие этого математика способно кардинально перевернуть весь мир. Вот о таких фактах должен знать писатель.

– То есть вы не проводите грань между писателем и его произведениями, между автором и литературными персонажами?

– Конечно! Если умственные способности писателя оставляют желать лучшего, то и его герой не будет блистать интеллектом. Мысль героя должна быть выше мысли читателя. Литератор мыслит безгранично, бесконечно. Каждое художественное произведение имеет за собой огромные месяцы поиска, труда. Когда-то у Эйнштейна спросили: «Как вы смогли за свой век так влиться в науку?». На что он ответил: «Путем чтения Достоевского».

Но есть одно но. «Все в этом мире, конечно же, управляется книгами», – сказал однажды Вольтер. Но мы, к сожалению, отошли от чтения книг. И когда я вижу молодых людей, обветренных, неухоженных, в просаленных рубашках, которые торгуют рыбой, едой, напитками, мне их становится жалко. Мне их товар неинтересен, но я покупаю что-нибудь из жалости к ним. «Айналайын, если бы ты читал книги в библиотеке, набирался уму-разуму, думал о будущем, то



СПРАВКА

Дулат Исабеков. Писатель, драматург, первый лауреат Государственной премии независимой Республики Казахстан (1992), лауреат международного ПЕН-клуба, платиновый лауреат независимой Премии «Тарлан» (2006), награжден медалью Льва Толстого (Россия). Повести и рассказы неоднократно издавались в Москве и в бывших Союзных республиках. Отдельные повести и рассказы переведены на немецкий, болгарский, венгерский, чешский языки. В 2014 г. в Лондоне вышел отдельный сборник повестей и рассказов Исабекова под названием «Жемчужина и другие рассказы». Он автор более двадцати пьес. Его пьесы широко идут на сценах театров Казахстана и на сценах театров бывших Союзных республик. К 70-летию автора в Алматы был проведен международный фестиваль одного драматурга. Кроме ведущих театров РК в нем приняли участие театры Болгарии, Турции, Санкт-Петербурга, г.Омска, Башкирии, русский академический театр г.Душанбе. 7 апреля 2014 г. в Лондоне поставлена его пьеса «Транзитный пассажир». 23 апреля 2015 г. в Лондоне состоялась презентация новой книги «Вы не знали войны». В 2016 г. издательство «Художественная литература» (Москва) выпустило 4 тома избранных произведений писателя. В Литературном институте им. М.Горького прошла презентация этих книг. О его творчестве неоднократно писали газеты «Литературная газета», «Литературная Россия», журналы «Дружба народов», «Литературные вопросы» «Театральная жизнь». В 2017 г. к 75-летию автора на английском языке были выпущены два сборника – коротких рассказов Short Stories и пьес Song of the Swans: Selection of Plays. В рамках фестиваля казахской культуры со спектаклем Дулата Исабекова «Жажурек» на лондонской сцене выступил и Государственный академический драматический театр имени Мухтара Ауезова. Кроме того, Государственный республиканский академический корейский театр представил музыкальную комедию – «Актриса». А пьеса «Акку Жибек» впервые была сыграна местной труппой – артистами британского театра на английском языке.

жил бы совсем другой жизнью», – сокрушаюсь я. Их существование расстраивает меня. Это не их путь, они не к тому стремятся.

«ЖИЗНЬ САМА ПО СЕБЕ НЕСПРАВЕДЛИВА»

– Вы признанный драматург. Есть ли драматург-современник в Казахстане, чьи работы признаете вы?

– У нас очень часто путают драматургию с прозой. Есть нечто, не поддающееся оценке. Всякое изложенное событие на бумаге не есть драматургия. У нее свои алаты, нормы. В драматургии все действие должно свершаться перед твоими



глазами. Сюжетно-образная концепция должна быть непредсказуемой. А у нас что? Заранее знаешь, чем закончится постановка, всегда заметны излишки публицистики.

Сейчас в отечественном сегменте «моралите» нет драматургов 30-40 лет. Чтобы стать на путь драматургии, нужен стимул. Почему писатели в прошлом веке так бились за свои пьесы, так работали над ними? Потому что в ту пору одна пьеса, поставленная в театре имени Мухтара Ауезова, была равна десяти книжным томам. Ты за сутки просыпался знаменитым.

– Кого сегодня, на ваш взгляд, можно причислить к интеллигенции?

– Давайте сначала попробуем ответить на вопрос, кто такой представитель интеллигенции? Это человек, далекий от интриг, неясности, сторонник справедливости, чести, народа, умеющий воздействовать словом на публику, человек глубоко нравственный.

И не надо каждого богача принимать за интеллигента. Раньше, когда народ в большинстве своем не владел грамотой, среди казахских старейшин было много настоящих представителей белой кости. Мы, счастливчики, застали последних таких аксакалов. Они были куда более мудры и интеллигентны, нежели современные специалисты с двумя дипломами.

Но это только одна сторона медали. Есть ли у нас такое общество, которое вообще нуждается в интеллигенции? В разные времена у каждого народа были свои ораторы и лидеры мнений. А если народу, который требует интеллигенции, привести одного эстета и сказать: «Вот он» – его никто не будет слушать. Сейчас интеллигенция – слабое звено не по духу, а по обстоятельству.

– Не кажется ли вам, что писатели отчасти сами виноваты в том, что к ним молодежь и общество прислушиваются все меньше? Взять хотя бы частые споры, которые возникают вокруг Союза писателей.

– Иногда мне кажется, что мы всегда все грехи приписываем Союзу писателей. Ситуация будет такая же, даже если возродить обратно Союз писателей должен иметь существенный вес и влияние, тогда можно будет говорить и о повышении авторитета самих авторов.

– Классики всегда затрагивают

тему высокой морали. Но если говорить откровенно, в наши дни ведь очень трудно быть кристально честным и чистым человеком?

– Очень трудно. Жизнь сама по себе несправедлива. Как говорил Абай: «Мыслителю неинтересен бренный мир». В чеховском рассказе «Студент» есть одна фраза: «Этот холодный ветер дул и будет дуть», так и в мире ветер несправедливости дул и будет дуть всегда.

Вольтер был уверен, что книга в силах воспитать людей. Но как показывает история, писатели написали миллионы книг, чтобы воспитать людей-ангелов. Но что из этого вышло? Ничего. Ангелов по-прежнему нет.

«НЕНАПИСАННЫЕ КНИГИ – НЕСБЫТОЧНЫЕ МЕЧТЫ»

– Планируете ли вы в ближайшее время написать что-нибудь серьезное?

– Что вы (смеется)! Когда-то Габиден Мустафин в преклонном возрасте встретился с нами. «Молодой яблоневый сад в изобилии радуется своими плодами. А ветхая яблоня лишь изредка может дать несколько яблок. Я как эта яблоня», – сказал он нам тогда.

И я говорю об этом. Сейчас нам сложно писать. Мои несбыточные мечты – мои ненаписанные произведения. У меня есть неоконченные романы. Я порой перечитываю их, и мне многое не нравится, самокритика – сложная вещь.

Когда-то одно из произведений великого Федора Достоевского беспощадно увязло в критике Виссариона Белинского и рядовых литературных критиков. Тогда Достоевский сказал: «Все равно в этой работе уж найдутся хоть 15 страниц, которыми будет восхищаться будущее поколение России». Сейчас разбирая свои давние работы, я обнаруживаю такие же вещи. Иногда, глядя на свои рукописи, я поражаюсь своему былому темпу, напору.

– Если бы в сутках было 25 часов, то на чтобы вы потратили этот лишний час?

– Если он будет действительно лишним, я бы в это время подумал о том, как израсходуя свои оставшиеся 24 часа.

Беседовал
Есет КОШЕБЕ



«Террористы используют женщин как оружие пропаганды» - эксперт о женском экстремизме в Казахстане

Айнур Абдирасилкызы рассказала, чем опасен женский экстремизм, как, привлекая представительниц слабого пола, можно воспитывать новых радикалов и почему это явление называют новой опасностью XXI века. В современном мире экстремизм представляет собой проблему глобального характера. При слове «экстремист» представляется лицо мужского пола, но сейчас данное представление теряет свою актуальность. Появилось новейшее направление – женский экстремизм.

ЭКСПЕРТЫ ООН НАЗВАЛИ ЭТОТ ФАКТОР НОВОЙ ОПАСНОСТЬЮ XXI ВЕКА.

В связи с этим медиа-портал Caravan.kz обратился к директору научно-исследовательского и аналитического центра по вопросам религий комитета общественного согласия министерства общественного развития РК Айнур Абдирасилкызы, дабы она объяснила, чем опасен женский религиозный экстремизм в Казахстане.

– **Насколько экстремизм распространен в мире и в нашей стране в частности?**

– В настоящее время тенденция феминизации экстремизма наблюдается на глобальном уровне. Участились случаи участия женщин в террористических актах и экстремистских действиях.

То же самое наблюдается и в Казахстане, наши женщины все чаще уезжают в «горячие точки», чтобы вступить в радикальные организации. Причем как вслед за своими мужьями, так и по собственной инициативе.

– **Какую роль они играют в террористических группировках и к каким последствиям это может привести?**

– Это могут быть различные призывы, создание радикальных сообществ в интернет-портале, присутствие в зонах вооруженного конфликта, помощь раненым террористам, воспитание детей в радикальных условиях и т. д. Все эти действия признаны экстремистскими.

Но в основном женщины закладывают радикальные взгляды своим детям, воспитывая новое поколение террористов. Они формируют у своих чад критические взгляды на нерушимые устои светского государства, принуждают детей к ношению платка, и ребенок не имеет права отказать своим родителям.

Также они ограничивают права детей на посещение различных спортивных или творческих секций, запрещают им посещать школьные занятия, которые противоречат их идеологии, и даже делать домашние

задания. Кроме того, люди с подобными взглядами отрицают ряд исторических факторов, которые считают антирелигиозными, и внушают это своим детям.

В основном такие организации используют женщин как оружие пропаганды как в интернет-пространстве, так и в кругу своей семьи.

Еще одна огромная проблема – отказ от вакцинации как себя, так и своих детей.

Известно, что у них есть свои обособленные джамааты (объединения группы мусульман. – Ред.), где они пропагандируют образ жизни адептов нетрадиционных религиозных течений. По их мнению, все устои современной жизни являются шайтанскими.

Кроме того, они критикуют и большинство мусульман Казахстана, чьи взгляды не совпадают с их взглядами. Практически все приверженцы радикального ислама считают себя жертвами современного светского устоя общества.

– **Какие факторы способствуют распространению религиозно-экстремизма среди женщин?**

– Те же, что способствуют радикализации мужчин. Во-первых, активная пропаганда и навязывание нетрадиционных ценностей в Сети среди женской аудитории. Во Всемирной паутине присутствует огромное количество деструктивной информации, которой многие подвергаются влиянию в силу своей религиозной неграмотности.

Люди просто не знают, какие именно устои являются традиционными для мусульман Казахстана, поэтому они поглощают первую попавшуюся информацию и начинают втягиваться в экстремистские организации.

Кроме того, огромную роль играет личностный, психологический фактор. В такие общины в основном попадают люди, которые эмоционально неустойчивы, имеют склонность к психологической дезориентации, алкоголизму и даже наркотикам. Они просто не способны вести спокойный, размеренный образ жизни.

Также этому может способствовать тревожное состояние в семье или бытовое насилие, что тоже склоняет женщин к этому, однако это не главный фактор влияния. В первую очередь все за-

висит от психологической устойчивости человека.

– **Какие мероприятия по дерадикализации женщин проводятся в нашем государстве?**

– Во всех регионах страны имеются управления по делам религии, которые проводят эту работу. Везде составляются учеты таких женщин, выявляются люди с радикальными взглядами.

Далее устанавливаются контакты, проводится профилактика по определению их веры, убеждений и степени радикализации. Есть определенные критерии и к какому именно течению они относятся, так как их много.

Затем составляется психологический портрет этих женщин, и с ними проводится разъяснительная работа. Это довольно долгий процесс, который объясняется в рамках исламского шариата. Этим людям объясняют, что эта идеология чужда устоям шариата и несет в себе лишь деструктивные цели.

Также им разъясняют правовые аспекты светского государства и опасные последствия, которые могут ждать приверженцев деструктивных течений.

После этого таких людей стараются социализировать, дабы вернуть их к жизни в нормальном обществе.

Александр ГРИГОРЯНЦ

В КАЗАХСТАНЕ МУСУЛЬМАНКИ НИКОГДА НЕ НОСИЛИ ХИДЖАБ И ПАРАНДЖУ

В Казахстане заметно возрос уровень религиозности граждан. И все бы ничего, однако многие из-за своей, мягко говоря, малообразованности в вопросах духовной сферы не в состоянии избежать ловушек, искусно расставленных представителями различных сект. О том, что необходимо знать, для того чтобы не стать жертвами всех этих новоявленных «гуру», рассказывает caravan.kz ученый-религиовед, доктор философских наук Мадина Магазона УСЕНОВА.

АТЕИЗМ НЕ ПРОТИВ БОГА, ПРОСТО ОН ЗА ЧЕЛОВЕКА

– **В советские времена религию потеснил научный атеизм. Как вы считаете, сыграло ли это положительную роль в развитии советского общества?**

– Да, так как научно-технический, культурный и нравственный прогресс был связан только с атеизмом. Но на заре советской власти многие большевики явно переусердствовали в своей борьбе с верующими, церквями, синагогами и мечетями.

– **Чем же атеистам Бог помешал?**

– Научный атеизм не рассматривает вопрос о том, есть Бог или его нет. Ибо считает, что верить или не верить в Бога – личное дело каждого человека.

Но атеизм утверждает, что человек – не раб Божий, а личность, и каждый сам является творцом своей судьбы, своего счастья в этой жизни. Научный атеизм главной задачей общества считает не критику религии, а создание всех условий для расцвета талантов каждой личности.

Кроме того, атеизм отвергает главный догмат многих религий – фатализм. Ведь если все за вас решает Бог, то зачем тогда стараться и к чему-то стремиться?

СЕЙЧАС МНОГИЕ СТАЛИ ВЫПЯЧИВАТЬ СВОЮ РЕЛИГИОЗНОСТЬ

– **Считаете ли вы, что религия способна удержать верующего человека от совершения плохих поступков и преступлений?**

– Все зависит от отдельно взятого человека. Многие, наверное, полагают, что если верующий боится гнева Бога, то он не пойдет на преступление. Но это большое заблуждение. Не зря ведь на постсоветском пространстве возникли ранее не известные нам виды преступлений, такие как рэкет, экстремизм и терроризм.

– **Но ведь человек не может жить без веры?**

– Беда в том, что многие стали верить, как будто напоказ. Например, некоторые родители заставляют своих несовершеннолетних дочерей носить хиджаб. Этим они не только нарушают права ребенка, но и наносят вред его психике.

Подчеркну, все эти явления происходят не столько из-за какой-то особой преданности верующих требованиям данной религии, сколько из-за элементарного невежества, незнания вероучения и догматов ислама. Например, в Коране четко сказано, что женщине (но не ребенку!) предписано закрывать свое тело только после достижения совершеннолетия!

– **Но ведь как до революции, так и после нее мусульманки у нас хиджаб не носили...**

– Специфика ислама заключалась в том, что он органически вписывался в местные традиции, верования и менталитет нации. Поэтому в Казахстане мусульманки никогда, ни в каком возрасте не носили хиджаб или паранджу. Эти обычаи – арабские, возникшие еще в VII веке.

Ислам – своеобразная религия. Священная книга Коран и догматы написаны на староарабском языке, которого большинство верующих не знают. Арабским владеют единицы, в основном образованная часть духовенства. Поэтому те, кто утверждает, будто он может читать Коран, лукавит. Просто они выучили наизусть несколько сур, но понятия не имеют, о чем в них говорится.

НЕ НАДО ИСКАЖАТЬ ДОГМАТЫ ИСЛАМА!

– **В репортажах о военных действиях в Сирии боевики экстремистской организации ДАИШ часто упоминают джихад. Что означает это понятие?**

– Смысл слова «джихад» был искажен одним из первых. С тем, чтобы люди думали, что оно переводится как «война с неверными». Но это совсем не так.

В Коране, шариате и хадисах слово «джихад» означает борьбу человека со своими собственными недостатками и пороками. Но не войну с «неверными».

– **Кто такие шахида?**

– В хадисах шахидами называют людей, которые приняли мученическую смерть,



защищая свою землю от захватчиков, свою семью и жилище от нападения преступников или врагов, стали жертвами болезней, аварий и стихийных бедствий. А также женщин, которые скончались во время родов.

Но террористы, которые добровольно взрывают себя, стремясь погубить ни в чем не повинных людей, шахидами не являются. Террористы-смертники – это убийцы и самоубийцы одновременно. Они совершают два тяжких греха одновременно. Ибо Аллах каждому человеку дарует одну жизнь, которую никто не вправе отнимать ни у себя, ни у других.

– **Вы считаете, что у нас следует активизировать идеологическую работу?**

– Да, так как такая работа, которая возмужала Зою Космодемьянскую, Алию Молдагулову, Маншук Маметову, сегодня не ведется. Прежние ценности мы развенчали, а новых не создали. И наше растерянное общество обратило свои взгляды на религию. Ибо свято место пусто не бывает. Огульное охаивание советского периода нашей истории, вместо того чтобы использовать все ценное, что в нем было, не прибавило нам духовности. И не сделало нас добрее и гуманнее...

Олег ГУБАЙДУЛИН
(в сокращении)

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ұйымдастыруымен өткелі жатқан Республикалық жас орындаушылар арасындағы Олимпиада – аталған жоғарғы оқу орнында тыңғылықты дайындықпен асыға күтілетін үлкен жоба. Биылғы Олимпиада Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрылғанына 75 жыл толуына орай және XX ғасырдың әйгілі күйші-композиторы Темірбек Ахметовтің 100 жылдық мерейтойына арналғанын атап өткен жөн. Олимпиада қарсаңында осы сайысқа төрелік ететін қазылар алқасының да пікірін біліп, жас орындаушыларға қойылатын талаптары мен кеңестерімен танысу мақсатында «Домбыра» аталымының төрайымы – ҚР Еңбек сіңірген артисі, профессор Айгүл Үлкенбаевамен тілдесуді ұйғардық.



Айгүл ҮЛКЕНБАЕВА:

ҚАЗАҚ ПЕН ДОМБЫРА – ЕГІЗ ҰҒЫМ

– Айгүл Нариманқызы, жас домбырашылар арасында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Республикалық олимпиада бүгінгі орындаушыларға несімен маңызды деп ойлайсыз? Домбырашылардың орындаушылығына пайдалы әсері көбірек пе, әлде теориялық білімін нығайта ма?

– Аталған Олимпиада ең алдымен жоғары немесе орта музыкалық оқу орындары арасындағы студенттердің және жалпы сол білім ордaları арасындағы қарым-қатынасты арттырып, тәжірибе алмасуы жағынан маңызы зор. Теориялық біліміне де он әсерін бере ме дегеніңіз дұрыс шығар, өйткені колоквиум сұрақтары да арнайы дайындалғанын айта кету керек. Ал қатысушының орындаушылығы әлбетте өсетіні анық.

– XX ғасырдың дүлдүл орындаушыларын, домбыра үйретудегі небір шебер ұстаздардың көзін көріп, олардың домбырадағы күй тартысын тыңдап, тіпті қасында отырып тәлім-тәрбиесін алдыңыз. Енді бүгінгі жас орындаушылар сол кездің орындау дәстүрін алып кете алды ма? Әлде, жетіспей жатқан тұстары бар ма?

– Әрине, ақсайтын тұстарымыз жоқ емес. Өкінішке қарай, дәстүр үзіліп бара жатыр. Себебі, оқу жүйесіндегі домбырашыға сабақ беру тәсілін өзгерту керек деп ойлаймын. Әрбір күйшілік мектептің бір-бір өкілін отырғызып, дәстүрді сақтап қалмай, әр ай сайынғы сынақ-емтихандарының артынан жүре беретін болсақ бәрінен айырылу қаупі бар.

– Консерватория шаңырағында бірталай жыл жемісті еңбек еттіңіз. Шәкірттеріңіз еліміздің түкпір-түкпірінде белсенді қызмет атқаруда. Сонымен қатар, өзіңіз ашқан мектеп-студиясында әр түрлі жастағы балаларға күйді

«құйма-құлақ» әдісімен үйретіп келе жатқаныңызды да білеміз. Осы орайда мынадай сұрақ туады, домбырашыға, әсіресе, күй орындаушысына ноталық үйрету әдісінің қажеттілігі мен қолдан қолға «құйма құлақтық» үйрету әдісі арқылы үйреткен күйдің артықшылығы қаншалықты деп ойлайсыз?

– Нотамен үйрену – ол жансыз затпен тең. Оған жан бітіретін адам, яғни орындаушы. Егер орындаушының құлағында нағыз шебер күйшінің дыбысы болмаса, оны көрмесе, тыңдамаса, онда ол ондай шеберлікке де ұмтылмайды. Құйма-құлақтық деген – ұстаздың алдында тек нотамен ғана емес, сонымен қатар сол шеберлікті де қатар естіп, үйрену. Нота шеберлікті дәл түсіріп бере алмайды. Қолдан үйрету арқылы ғана шәкіртті шеберлікке тәрбиелей аламыз. – Тұңғыш Президентіміз 2018 жылдан бастап шілденің 1-і күні – Домбыра күні деп мерейімізді асырып, қаншама домбыра аркалаған талантты жастарға демеу көрсетті. Теларналарда азайып кеткен ұлттық музыкалық жобалар қайта жандана бастады.

– Осы жолда мол тәжірибеңізге сүйене күй насихатының жүйелі дамуына алып-қосар ұсыныстарыңыз бар ма?

– Әрине, жақсы бастама болғаны рас. Ел болып, ел еңсесін домбырамен көтермегенде немен көтереміз?! Негізі, қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Дегенмен, ұсыныстарым да аз емес. Оның бірі – теларналардағы күйге қатысты телесайыстарда қайта айналып келе беретін кәсіби білімі бар, қалыптасқан домбырашылардың түрлерін емес, еліміздің әр қиырында жүрген талантты, дәстүрлі үлгіде орындайтын жас домбырашыларды жарыққа шығаруға күш салғанын қалаймын. Олай дейтінім, ел

аралап жүріп, ондай балалардың көп екенін байқаймын. Сонымен қатар, республикамызда күй сайыстары екі жылда немесе үш жылда бір рет өтсе де қазақтың әр өңірінің айтулы күйші-композиторларын ұлықтау мақсатында мемлекеттік дәрежеде қолдау алып, барлық өңірде дәстүрлі түрде өтіп тұрса деп ойлаймын. Себебі, қазіргі таңда күйшілерге белсенді көңіл бөліп, тіпті қомақты қаржылай сыйақы дайындап, демеу көрсетіп жатқан Атырау мен Ақтау қалалары екені жасырын емес. Сондықтан, басқа да күйшілік мектептері камтылуы керек деп есептеймін. Біздің мына Олимпиадаға қолдау көрсетіп отырған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының еліміздегі шығармашыл жастарға демеушілік жасап жүргенін білеміз. Алдағы уақытта осындай жобаларға да қолдау білдіреді деп үміт етеміз.

– Айгүл Нариманқызы, қазақтың қара домбырасын үйретуге, насихаттауға өміріңізді арнап, елімізге аянбай еңбек етіп келесіз десек қателеспеспіз. Сөзсіз, әлі де береріңіз көп. Дегенмен, орындалмаған арманыңыз бар ма?

– Жастығымыз жалындап тұрғанда елімізде өтіп жатқан барлық игі шараларында төбе көрсетіп, концерттерімізді беріп жүрдік. Тіпті, қазірдің өзінде де ел аралап, әр түрлі жаңалықтарымызбен концерттерімізді қойып жатырмыз. Халық тік тұрып, қошеметін аямай қолдау көрсетеді. Дегенмен, біздің тұсымызда күй өнерінің үлкен ауқымда әлем жұртшылығының алдына шығуына мүмкіндік беретін мамандарды жолықтырмадық. Әлемдік деңгейдегі дұрыс менеджментті қолданған концерт ұйымдастырушылары елімізде шыға қоймады. Мүмкін, болған да шығар, бірақ біздің ұйымдастырған концерттеріміз елден әрі аса алмай, насихатталмай қалып қоятын. Біз өз тарапымыздан орындаушы ретінде форматы қызықты концерттерді дайындап, халық алдына ұсындық. Ал, енді іліп алып кететін еліміздің «ивент» орталықтары, менеджерлері табыла қойған жоқ. Бүгінгі жас орындаушыларға жақсы мүмкіндіктер көп. Енді соны тиімді пайдаланса, алысқа бара ма деп үміттенемін.

– Бүгінгі жас домбырашыларға кеңес беріп, маңызды ойыңызбен бөліскеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

Әңгімелескен
Ержан ЖАМЕҢКЕЕВ

■ SALT-DÁSTÚR

ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде ұлттық мұрамызды ұлықтап, төл мәдениетімізді жаңғыртуға бағытталған «Киелі бесік» республикалық өнер байқауы өтті.

Тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған фестиваль «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынып отыр. Мақсат – Қазақ елін мекендейтін түрлі этнос өкілдері мен халықтардың салт-дәстүрін насихаттау, ұлттық мәдениетті нығайту, өскелең ұрпақты отбасы құндылығын бағалай отырып құрметтеуге, мейірбандық пен ұлттық кодты сақтауға тәрбиелеу және талантты жастарды анықтау.

Өнер және мәдениет факультеті ұйытқы болған фестивальге еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің қоғамдық бірлестіктері мен жоғары және орта арнаулы оқу орындарының ұжымы мен мектеп оқушылары қатысты. Атап айтқанда, байқауда Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің оқытушылары мен студенттері өз өнерлерін көрермен назарына ұсынды. Сонымен қатар шарада Ұйғыр аналар одағы, Орыс мәдени орталығы, Неміс мәдени орталығы, Татар-



башқұрт қоғамдық мәдени орталығы, Украин мәдени орталығының және Алматы облысы Жамбыл аудандық Мәдениет үйінің, Жамбыл облысы Жуалы мен Қордай аудандарының өнерпаздары да сынаға түсті.

Сан талантты тоғыстырған байқаудың ашылу рәсімінде Қыздар университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенова сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау екі кезеңнен тұрады. Алғашқы турда қатысушылар бесік тақырыбында театрландырылған қойылымды көпшілік назарына ұсынса, екінші кезеңде «Киелі бесік» тақырыбындағы халық әндерін орындады. Олардың қатарында бесік жырлары, ана әлді мен бесік туралы әндер бар.

Қатысушылардың өнері театр қойылымының ақпараттық насихатталуы, бұрын зерттелмеген тың идеяны көрсету, декорация, костюм және актерлік шеберлік сынды бағыттар бойынша бағаланды. Ал музыкалық бағытта әннің сөзі мен әуенінің сапалылығы, шығарманың күрделілігі, орындаушының сахналық киім үлгісі мен мәдениеті назарға алынды. Қазылар алқасының құрамында мәдениет қайраткерлері, ақын, жазушылар мен танымал өнер жұлдыздары бар.

Фестиваль қорытындысы бойынша Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің ұжымы үздік атанып, бас жүлдеге ие болды.

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттерінің өнері қазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланып бірінші орынға ие болды.

Ал екінші орын Украин мәдени орталығы мен Жамбыл облысы Жуалы ауданының өнер ұжымдарына бұйырды.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен Жамбыл облысы Қордай ауданының өнерпаздары үшінші орынға табан тіреді.

Сонымен қатар, арнайы ынталандыру сыйлығымен Орыс мәдени орталығы, Неміс мәдени орталығы және Алматы облысы Жамбыл аудандық Мәдениет үйінің қатысушылары марапатталды.

Фестиваль жеңімпаздары арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Жандар АСАН

Нәрс	«Ся- рмағаш»- фирма- сы	Фран- ция ақшасы	Аяқ бөлігі						Сырт- ты өмес
Ағаш түрі	Сөзім ақыны				Лақап сөз	Жасы кіші	Еріп жүру	Балық аулау құралы	
		Жүн күйдіру	Нәти- жесіз өрекет		Тәрби- елі				
Кеспе	Күн сайын (син.)				Мақтан- шақ	Якубо- вич сөзі	Кітап бөлімі	Атақ	
					Халық қалау- лысы				
	Тіл білімі саласы	Египет	Көке		Өлшем бірлік		Мұхам- мед ...		
	... Айтқожина (ақын)	... уxo- дит в небо (кино)				Ирек		Өйнек	
					Сұмқ		Ыза		
	Наутилус- капитан- ны	Өсімд- іктер өлемі	Палау		Өше- кей	Өре- кет	Асыл тас		
			Ықпалық (ор.)	Жем			Жуас мал	Село	Айран суы
Бурят биі	Италия аста- насы			Дүкен түрі		Ұлы жүз атасы			
				Мақтау қағаз				Баспа	
Фото- аппарат марка- сы	Семей ауда- ны	Зер			Зил	Ер өсімі	Атле- тик	Ас- "ата- сы"	
	Жиһаз	Демікпе	Шай қалдығы				... Хрис- тиан Андер- сен		
	Халық	Жүк көлігі				АҚШ штаты			
			Кір қоспа- сы	Вавод			Таза- лау (син.)	Құры- лыс доғасы	Тыным
	Қала көлігі				Тал түрі	Жапон ақша- сы		Өк тас	
				Роберт де ... (актер)			Таран- тас		
Дерсу ...	Мәжіліс	Несібек ... (ақын)			Жа- санды жібек				
			... Рас- путина (РФ әншісі)				Тарқа		

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Облыстық әкімшіліктегі кадр бөлімінің бастығы қызметке орналасуға келген адамға:
- Сізді мемлекеттік қызметке қабылдамас бұрын бір нәрсені білейін деп едім: өтірік айтуға, ұрлыққа қалай едіңіз? Былай, бейіміңіз бар ма дегенім ғой... - дейді.

Сонда анау:

- Жо-жоқ, атамаңыз! Егер сол қасиеттер мемлекеттік қызметке қажет деп тапсаңыздар, үйренуге, бейімделуге бармыз... - деген екен.

Көлігін барынша қатты жүргізіп, соңында апатқа ұшырап, емханаға түскен жігіт томография қорытындысын қарап тұрған дәрігерден:

- Ми шайқалудан аманмын ба? - деп сұрайды.

Дәрігер сабырлы қалпынан танбастан:

- Басыңда ми жоқ болғаны қандай жақсы болған, әйтпегенде қатты шайқалатын еді, - деген екен.

Орал қаласынан Шымкентке келген бір жігіт асханаға кіріп, мантиға тапсырыс береді. Даяшы жігіттің қалаған асын алдына әкеліп қойғанда, анау бір мантины кесіп жібереді де:

- Мәссаған, - дейді таңғалып.

- Не болды?

- Әйеліме манти жасашы десе, ылғи ет жоқ деп отырады. Бұл пәлені пиязбен де жасауға болады екен ғой.

Мектеп мұғалімі оқушыға:

- Айта қойшы: «Ғашық болу» етістігінің келер шағы қандай? - деп қалады.

Оқушы кідірмей:

- Алып қашу, - депті.

Мал базарында бір жігіт қораз сатып тұрады. Тұтынушы:

- Қаншаға сатасың?

- 6 мың теңге.

Қоразға қозының құнын сұрап тұрғанына таңғалған алушы:

- Қымбат емес пе? - дейді.

Сатушы:

- Қымбаты қымбат. Бірақ маған 6 мың теңге қатты керек болып тұр.

№11-12 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

Қ	Ы	Р	Ш	У	Ы	Ш	Т	Е	К	Т	І	Д	И	Ю		
О	О	С	Ө	Ү	Ө									С		
Ү	Н	Е	М	Т	А	Л	А	С	А	Р				У		
Ы	Е	В	А	Е	А	М								П		
Ұ	Ш	А	Н	В	А	Й	К	У	Л	Е				О		
		А	А	Т	А									В		
С	Ұ	Р	А	П	Ы	Л	К	И	Н	Г	О	Ң	А	Ш	А	
Я	И	О	Н				А	К	К	О	Р	Д	С			
С	Т	О	Л	Т	Б	О	Р	А	Р	А	Ы	Ф				
	С	Д	А	Л	А	А	О	К	К	А	Ғ	А	Р			
И	Н	Е	Ш	Е		И	М	Х	О	С	Ы	Л	А			
І	Т	Д	И	Е	Т	А	Л	Н	И	С	С	А	Н			
Р	А	И	С	А	Н	А	З	Ы	М	Ы	А	К				
Я	Л	А	У	Л	А	Р	А	С	У	А	К					
Т						Р					К	А	Р	А	Т	
Ү						А	Й	Т	Ы	С	К	Е	Р	И	Н	А
Р						М		К	У	У	А	Я	З	Т		
М						А	Н	Д	М	А	Л	И	О	К	А	
А						Т	А	О	Л	Н	А	Н	Ы	М		
Н	У	Р	Қ	А	Д	И	Л	О	В	А	З	А	А	Л	И	

Көп қарыз алатын, көп қарызға бататын адамдар өздігінен оңай шешім қабылдай алмайды екен. Әсіресе қаржылық жағдайда. Себебі қарыз адамның миы мен психологиялық жай-күйіне айтарлықтай зиянын тигізеді.

ҚАРЫЗ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫ ҚИЫНДАТАДЫ

Сингапур ұлттық университеті мамандары жүргізген зерттеулер бойынша біршама қорытындылар жасалған. Оның ішінде қарызданудың зияны баса көрсетілген. Ылғи қарыз болып жүретін жандар маңызды шешім қабылдауда қиналады екен.

Зерттеу жұмысы 2015-2017 жылдар аралығында жүргізілген. Оған 200-ге жуық ерікті қатысқан. Олардың барлығының несиесі болған. Табысы жоғары болмаған. Сараптама алдында барлығы толықтай тексеруден

өткен. Когнитивті мүмкіндіктері, қобалжу деңгейі, қаржылық шешім қабылдаулары басты назарға алынған. Зерттеу нәтижесінде қарызы аз қалған, тіпті несиесін толықтай төлеп біткен жандардың денсаулығы түзеліп, көңіл-күйі көтеріліп, шешім қабылдауда белсенділігі артқан.

Қарыз алу да әдетке айналып кетуі мүмкін. Кейде боларға да, болмасқа да қарыз сұрау берудің қажеті шамалы. Қолыңда бар қаржыны үнемдеп жұмсаған

бәріне де жетуі мүмкін. Себебі кей адамдар ақшасы азайған сайын (еңбекақысы түсетін уақытқа дейін жететін болса да) күйбелектей бастайды. Қарыз алып барып, көңілі жайланады. Мұның өзі - психологиялық жай-күйдің бір ауытқуы саналады.

Денсаулық – басты байлық. Ал психологиялық жай-күй – жан демеуі. Екеуін қатар сақтағыңыз келсе қарыздан бір қадам алыс жүргеніңіз абзал.

Бір қарағанда қарапайым көп қазақтың біріндей ғана көрінетін Тұрлықожа Морымбаев өзіндік өмір өрнегі, өзіндік қолтаңбасы бар азамат. Бүкіл саналы өмірінде туған жерінің түлеуіне, гүлденуіне үлкен үлес қосып, ұрпақтарын тәрбиелеп өсіріп, жетпістің бесеуіне жетіп отыр. Мал дәрігері маманы болғанымен өлең өлкесіне де өгей емес, қолына қалам ұстаған ақындығы да бар. Біз Тұрлықожа Несіпбайұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз. Тоқсанында тоқырамай, жүзінде де жыр айдынында жүзе берсін.

Өнегелі өмір иесі

Тұрлықожа Несіпбайұлы Морымбаев 1944 жылдың сәуір айының 5 жұлдызында Қытай Халық Республикасындағы қазақтың ежелгі ата қонысы саналатын табиғаты сұлу Сайрамкөлдің жағасында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Кеңестік қызыл империяның қолшоқпары Голощекиннің Қазақстанға басшы болған жылдары қолдан жасаған сұрқия саясатының нәтижесінде елді ашаршылық жайлағаны тарихтан жақсы таныс. Ол бір ел басына күн туған аумалы-төкпелі заман болатын. Аштан қырылатын болған соң, көпшілікпен бірге Тұрлықожаның әке-шешесі де ауылдастарымен бірге жан сақтау қамымымен туып өскен мекендері Ынтылы жерін амалсыз тастап, Қытай елінің батыс өлкесі Шығыс Түркістанға қоныс аударуға мәжбүр болады.

Кеңестер одағы мен Қытай арасындағы саяси ахуал түзеліп, кезінде ашаршылыққа байланысты шетел асып кеткен қандастарымыз өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында атажұртына қайта оралды. Көзі ашық, көкірегі ояу әкесі Несіпбай одақтық маңызға ие болған тың және тынайған жерлерді игеруге мындап Ресей, Украина, Беллоруссиядан келгендермен бірге тың игеруге белсене қатысты. Сол кезде көбісі біле бермейтін трактор жүргізуді шебер менгеріп, жер жырттып, егін егіп, оны жинауға қатысып, талай мәрте жүздегерлер қатарынан көріне білді. Сол үшін бірнеше рет марапаттауларға ие болды.

Тұрлықожа әке-шешесі бауырларымен бірге 1956 жылдың күз маусымында Панфилов ауданының Қоңырөлең ауылдық округінің Ынтылы ауылына қоныс аударады. Мектепте орта білім алып, Қорғас ауылындағы №110 арнайы кәсіптік-техникалық оқу орнын бітіріп, орта буын маман атанады. Одан кейін де тоқтап қалмай, Тұрлықожа Семей зоотехникалық мал дәрігерлік институтының мал дәрігерлік бөліміне түсіп, 1970 жылы жоғары оқу орнын үздік бітіреді.

1970 жылдың қазан айында Гвардия ауданының Ленин атындағы асыл тұқымды мал зауытында мал дәрігері болып істеп, еңбекқорлығымен танылған жас маман Т.Морымбаев «Октябрь» кеңшарының білікті басшысы И.Кузнецовтың назарына ілініп, осы

шаруашылыққа жұмысқа шақырылды. 1972-1976 жылдары мал дәрігерлік қызметті абыроймен атқарады. Өмір мен еңбек тәжірибесін жинақтаған жас маманның қызметі өрлеп, 1976-1978 жылдары Панфилов, Гвардия, Кербұлақ аудандаралық малдәрігерлік санитариялық мекемесінің бас инспекторы лауазымын атқарады. 1978 жылдың наурыз айынан бастап 1982 жылға дейін ауданның «Красный восток» ұжымдық шаруашылығында бас мал дәрігері, бастықтың орынбасары, қызметтерін атқарады. 1982-1983 жылдары Социалистік Еңбек ері Н.Головацкий басқаратын даңқы әлемге әйгілі «Қазанның 40 жылдығы» ұжымдық шаруашылығында мал дәрігері қызметінде болды. 1983-1993 жылдары ауданның мал азықтандыру, жем-шөп, макро-микро элементтерін өндіру лабораториясының инспекторы, 1994-1996 жылдары Киров атындағы ұжымдық шаруашылықтың мал-дәрігер инспекторы, 1996-1999 жылдары «Қызыл еспе» акционерлік қоғамының бас мал дәрігері, 2000-2007 жылдары «Ақбоз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал базарында мал дәрігерлік қызметтерін абыроймен атқарып, 2007 жылы құрметті еңбек демалысына шығады. Тұрлықожа Несіпбайұлы қай жерде қызмет етсе де, өзінің жоғары адамгершілік келбетімен, еңбекқорлығымен, өзіне тапсырылған іске аса жауапкершілікпен қарайтындығымен ел арасында үлкен беделге ие болған азамат. Бұл туралы онымен бірге қызмет еткен мамандар және өзге де замандастары жиі айтып, бүгінгі жастарға үлгі етіп отырады. Әрине, бүгінгі күні біздің жастарымызға үлгі тұтар азаматтардың болғаны қажет-ақ.

Алдында айтқанымыздай, Тұрлықожа Несіпбайұлы қазақтың қара өлеңіне де қаражаю емес. Оның өлеңдері отан, туған жер, ата-бабамыз сан ғасырлар бойы күрес жүргізе отырып, армандаған тәуелсіздігіміз туралы сыр шертеді. Көшбасшымыз, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегін, еліміздің тәуелсіздік тұсында жеткен жетістіктерін жырлаған шығармасы да бар. Тұрлықожа Несіпбайұлының туындыларымен танысқан Елбасы өзіне көрсетілген құрметі мен ықылас-ниеті үшін алғыс білдіріп, амандық пен игіліктер тілеген сәлемін арнайы жолдаған болатын. Оны ҚР Президенті



ЕЛ АҒАСЫ

*Жапырақтың жақсы ғой жайқалғаны,
Терең тамыр — әулеттің айтар мәні.
Елеулі еңбек еттіңіз Ел ағасы,
Өз ісінің атанып майталманы.*

*Ұясына қонды ғой ұл-қыздарың,
Аталап жүр үйіңде жұлдыздарың.
Абыройлы ағасыз аймағыңа,
Сыйластықтың көріп біз жүрміз бәрін.*

*Ізгілікті әрдайым іздеп өткін,
Талай асу асырап Сіздегі екің.
Шапкі берсін шаңырақ шаттықпенен,
Жүзің жарқын күйіңде Жүзге жеткін!*

Құрметпен,
Қазыбек ИСА

Кеңесінің басшысы М.Қасымбеков 2016 жылы 19-тамыздағы №ЖТ-М-9798 ақжолтай хатымен жеткізді.

Жоғары білім алып, қызығы мол студенттік шағы өткен даналардың Отаны — қасиетті Семей жерінен Бәтима Көкеновадай адал жарын тауып, отбасы құрған кездер Тұрлықожаның ең бір бақытты жылдары. 2012 жылы бақилық болғанша, Бәтимамен жұптары жазылған жок. Өздерінен өрбіген ұрпақтарына тәлімді тәрбие беріп, бәрін оқытып, білікті маман етіп шығарды. Қазір олардың әрқайсысының өз отбасы бар. Олар да әке-шешесіндей өз балаларын тәрбиелеп-өсіріп, еліне қызмет етуде. Өмір ұрпағынмен жалғасады деген осы.

Г.БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

■ ӨНЕР

Димаш Құдайберген жайлы деректі фильм



«Қазақстан» ұлттық арнасы әнші Димаш Құдайберген туралы деректі фильм түсіріп жатыр. Бұл туралы телеарнаның басқарма төрағасы Ерлан Қарин Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтты.

«Димаштың Нұр-Сұлтанда өтетін концертін басқа тағы бір

риалдар көрсетілетін болады. Оған дайындық барысында біздің команда әншінің Мәскеудегі концертінде барды. Әріптестерімен арнайы сұхбаттар түсірді. Мәскеудегі концертін кейін Қытайға сапарға аттанып, Хунан арнасындағы үлкен шоуға қатысты. Біз шоуудың түсіріліміне де қатысып, ол жақта да Қытайдағы достары мен әріптестері тарапынан сұхбаттарды түсірдік. Әрине, негізгі түсірілім Нұр-Сұлтан 29-маусымда өтетін концертінде байланысты болады. Оқиға желісі

осының негізінде құрылады. Бұл — Димаштың ең үлкен концерті. Әлбетте, Димаштың әлемнің әртүрлі концертінде өтіп жатыр. Бірақ, бұл ең ауқымды концерт болады деп ойлап отырмыз», - дейді Ерлан Қарин.

«Қазақстан» телеарнасының басқарма төрағасы деректі фильм күзде көрсетілетінін хабарлады.

Еске сала кетсек, аталмыш баспасөз мәслихатында Ерлан Қарин Димаш Құдайбергеннің елордада өтетін жеке концертінде билеттердің 70 пайызы сатылып кеткенін хабарлаған болатын.

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58
6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

«Ақ жол» Демократиялық партиясы «Ақ жол» ҚДП-ның атынан Алматы облысының Талғар ауданы мәслихатының депутаты

Светлана АЛМАБЕКОВАНЫҢ мезгілінен бұрын қайтыс болуына байланысты, марқұмның туған туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент —
Редакторлар кеңесінің төрағасы —
Қазыбек ИСА

Бас редактор — Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары — Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары — Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы — Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ (8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БИРЖАНСАП (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН (8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғәппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор — Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА (8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтан ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газет «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С.Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефон:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор — Зейнолла АБАЖАН
ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

© – материалдың жариялану ақысы төленген